



Қазіргі Қазақстандағы әйелдер мен ерлерге қатысты саясат

**ӨСКЕМБАЕВА М.Ә.
РЕЗВУШКИНА Т.А.
БЕЙСЕНОВА А.А.**

2017 жыл

- Қазіргі қазақстандық қоғамда гендерлік саясаттың жүзеге асырылуы мемлекеттік саясаттың – бұл бағыт Қазақстан мемлекеттілігінің нығаюы және қоғамды заманға сай жаңғырту үшін маңызды ресурсқа айналған жағдайда – маңызды бағыты болып табылады. Гендерлік саясаттың мақсаты – нақты гендерлік теңдікке қол жеткізу. Бұл барлық азаматтар таптарын салттар мен дәстүрлі гендерлік жүйеден туындайтын шектеулерден тәуелсіз түрде таңдау еркіндігі мен өздерінің жеке қабілеттерін дамыту еркіндігіне ие деген сөз. Гендерлік саясаттың іске асырылуы – демократияға қол жеткізудің басты факторларының бірі.
- Қазақстандағы Фридрих Эберт атындағы қор өкілдігінің қолдауымен «Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты» қоғамдық қоры (Алматы) жүргізген гендерлік зерттеу барысында қазақстандықтардың гендерлік саясатты жүзеге асырудың басты бағыттарына қатысты көзқарастары сараланды. Зерттеу мынадай сұрақтармен айналысты: қазақстандықтар қазіргі Қазақстан қоғамындағы ерлер мен әйелдердің жағдайы жөнінде не ойлайды? Қазақстанда ерлер мен әйелдер үшін теңсіздіктің қандай белгілері бар? Республика азаматтары үшін қандай гендерлік мәселелер ерекше өзекті болып табылады? Өздерінің гендерлік құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыру үшін олар қандай шаралар қажет деп біледі?



Кіріспе	2
Зерттеу әдіснамасы	4
Бөлім А. Жалпы мәліметтер.....	5
Бөлім В. Саясат	11
В.1. Гендерлік бюджеттендіру. Сарапшылар пікірі.....	14
В.2. БҰҰ ҚК 1325 «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» резолюциясы. Сарапшылар пікірі.....	16
Бөлім С. Мамандықтар.....	18
Бөлім D. Неке, жыныстық қатынастар.....	21
Бөлім E. БАҚ.....	28
Бөлім F. Гендерлік білім.....	29
Бөлім G. Денсаулық.....	30
Бөлім H. Зорлық-зомбылық.....	33
Бөлім J. Болжамдар.....	36
Жалпы тұжырым	37
Ұсыныстар	43
Қорытынды	45



Кіріспе

Қазіргі Қазақстан қоғамында мемлекеттің гендерлік саясатын қалыптастыру және оны жүзеге асыру мәселелері бұқаралық санада жағымды демократиялық қағидалардың, ғұрыптардың жүйеленуі мен нығаюы салдарынан өзекті сипатқа ие болып отыр. Гендерлік саясатқа немқұрайлы қарау мемлекет пен қоғамның демократиялық құрылымының негіздерін бұзады, азаматтық қоғам институтының тиімділігін азайтады, құндылықтар демократиялық жүйесінің мәртебесін төмендетеді және сонымен қатар саяси жүйені демократияландыру барысына сенімсіздік тудырады. Гендерлік саясаттың мақсаты – нақты гендерлік теңдікке қол жеткізу. Бұл барлық адамдар таптаурын салттар мен дәстүрлі гендерлік жүйеден туындайтын шектеулерден тәуелсіз түрде таңдау еркіндігіне және өздерінің жеке қабілеттерін дамыту еркіндігіне ие деген сөз.

Гендерлік теңдік екі жыныс өкілдерінің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін біркелкі деңгейде жүзеге асыру мәселесін қозғайды. Ерлерге қатысты гендерлік кемсітушілік деректерін – ондай жайттар Қазақстан қоғамында орын алып тұрады – назардан тыс қалдыру орынсыз болып табылады. Сөйтіп мемлекеттік гендерлік саясат әйелдердің ғана жағдайын жақсартуға емес, екі жыныстың да мүдделері мен мүмкіндіктерін тең дәрежеде ескере отырып, нақты гендерлік теңдікке қол жеткізуге бағытталуға тиіс. Әйтпесе теңдік мәселесіне қатысты гендерлік саясаттың саралануы толық болмайды әрі әйелдік субъективтік көзқараспен ерекшеленетін болады.

Қазіргі Қазақстандағы гендерлік саясаттың бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда қазақстандық саяси көшбасшылардың мемлекеттік қызметтің осы бағытына деген саяси мүддесінің әлсіздігін, саяси дәстүршілдікті, бұқаралық саясат кеңістігінің әйелдер үшін шұғыл тарауын, гендерлік саясат нысандарының материалдық теңсіздігін атауға болады. Іс жүзінде қазақстандық әйелдердің экономикалық мәртебесі қазақстандық ерлерге қарағанда төмен. Соның нәтижесінде бизнесте, сонымен қатар басты қаржылай қорлар шоғырланған және саяси элита қалыптасатын салалар мен мамандықтарда әйелдердің аз екендігі, азаматтардың тең құндылығын түсінудің

бұзылғандығы, халықтың ер және әйел тобының өзіндік психологиялық ерекшеліктері мен моральдық құндылықтары және сонымен қатар қазақстандық қоғамда тарих барысында қалыптасқан салт-дәстүрлер мен таптаурындар байқалады.

Сонымен қатар Қазақстанның КСРО құрамында болған тарихын да естен шығармау керек. Кеңес үкіметінің тұсында мемлекет жылдар бойы гендерлік саясаттың монополиялық объектісі мен субъектісі рөлін атқарды. Кеңестік отбасылық саясатта тек әйел-ана мен оның балалары ғана нысан ретінде қарастырылды. Мемлекет ерлердің отбасылық немесе әкелік рөлін өзінің басымдылығы ретінде танып, білмеді. Ерлерді ақы төленбейтін үй шаруасына тарту кеңестік отбасылық саясаттың мақсат-міндеттерінің қатарына тіпті енген де жоқ. Кеңестік отбасылық саясаттың нәтижесі мемлекеттік патриархаттың нығаюына алып келді. Онда мемлекет пен әйелдердің құрған одағы бойынша мемлекетке ниеттестік танытып, «жұмыс істейтін аналар» гендерлік келісімінің жарлықтарын орындаған жағдайда әйелдер мемлекет тарапынан қолдауға ие болатын.

Қазақстанда жаңа экономикалық қатынастарға өту барысында әлеуметтік салада маңызды өзгерістер орын алуда. 1990 жылдардың екінші жартысында гендерлік саясаттың жалпы болмысын қайта қарастырудың қажеттілігі туындады. Бүгінгі таңда біз қазіргі Қазақстанда гендерлік қатынастар трансформациясының берік беталысы ретінде неотрадиционализм құбылысының қайта жандануын байқаймыз. Бұл беталыс үстемдік сипатта. Сонымен қатар гендерлік саясаттың идеологиясы мен құралдарында дәстүршіл дискурстың жүйелене түсуі байқалады. Трансформацияға түсіп отырған қазақстандық қоғамда гендерлік саясатқа дәстүрлі, пронаталистік және фамилистік – бұл сипат отбасылық (әке, ана және балалар) үлгіге бет түзеді – сипат беруге болады. Іс жүзінде қазақстандық неотрадиционализм трансформацияланған қоғамда мемлекеттік идеологияға айналуға.

Қазақстанда гендерлік саясатты жүзеге асыруды реттейтін бағдарламалық құжат 2005 жылы 29 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің № 1677 жарлығымен қабылданған «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған



гендерлік теңдік стратегиясы» болып табылады. Аталмыш стратегияда төмендегідей басты мақсаттар атап көрсетілген:

1. Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету;
2. Қоғамдық-саяси өмірде гендерлік теңдікке қол жеткізу;
3. Экономикада гендерлік теңдікке қол жеткізу;
4. Гендерлік білім;
5. Құқықтық және гендерлік ағарту ісі;
6. Ерлер мен әйелдердің репродуктивтік денсаулығын нығайту;
7. Қоғамда жынысқа байланысты зорлық-зомбылыққа жол бермеу;
8. Отбасында гендерлік теңдікке қол жеткізу;
9. Отбасын нығайту және отбасындағы тәрбиенің рөлін күшейту;
10. Гендерлік-сезімтал қоғамдық сананы жетілдіру.

Біздің ойымызша, бұл стратегияның Қазақстанда гендерлік теңдікке қол жеткізу жолындағы маңызы зор, себебі ол белгілі бір бағдарлар мен үлгілерді ұсынады. Бірақ екіншіше қарай онда көзделген мақсаттарға жетудің жолдарын нұсқайтын айқын көрсеткіштер, құрылымдар мен міндеттерді орындау уақыттары көрсетілмеген. Оның сыртында бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда қазіргі Қазақстанда гендерлік қатынастар трансформациясының берік беталысы ретінде неотрадиционализм құбылысының қайта жандануы байқалады. Ал ол стратегияға қол жеткізуге шектеу қояды. Өкінішке қарай көбінесе әйелдерге қатысты болып келетін эмансипация олар үшін ықтимал рөлдер мен өмір салттарының аясын кеңейтсе де, Қазақстан мемлекетінің қазіргі гендерлік саясаты ерлерге көп көңіл бөлінбейтін жағдайға алып келуде. Әлі күнге дейін «асыраушы ер азаматтың» рөлі нормативтік үлгі болып табылады және де ол үлгі әкелер мен ерлердің үй шаруасын атқаруға, балаларды бағып-қағу мен оларды тәрбиелеуге тең дәрежеде ат салысуын талап етпейді. «Жауапты әке міндетін» жүзеге асыру жолында институционалдық қолдаулардың жоқтығы баланың дүниеге келуі отбасындағы гендерлік

рөлдердің дәстүршілдігінің себебіне айналуына әкеліп соғуда. Сонымен қатар кәсіби, отбасылық және ата-аналық міндеттерді ұштастыра білуге қолайлы шарттарды қамтамасыз етуге бағытталған әртүрлі деңгейдегі тиімді механизмдер мен сараланған бағдарламалардың (тату отбасын жұмыс орнымен қамтамасыз ету, балаларға қамқорлықтың қол жетімді және сапалы инфрақұрылымын жасау) жоқтығы тек әйелдерді ғана отбасы мен жұмыс арасындағы теңгерімді іздестіретін субъектіге айналдырып отыр. Ал бұл жағдай біріншіден ананың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғандағы қауіп-қатерін жоғарылатса, екіншіден отбасын қамтамасыз ету ісі мен балаларға деген күнделікті қамқорлыққа ата-ананың тең деңгейде қатыспауының орныға беруіне әкеліп соғады.

Осыған байланысты бұл зерттеу қазақстандықтардың гендерлік саясатты жүзеге асырудың басты бағыттарына деген көзқарастарын анықтауды мақсат тұтты. Зерттеу барысында біз мынадай сұрақтарға жауап іздедік: Қазақстандықтар қазіргі Қазақстан қоғамындағы ерлер мен әйелдердің жағдайы жөнінде не ойлайды? Қазақстанда ерлер мен әйелдер үшін теңсіздіктің қандай белгілері бар? Республика азаматтары үшін қандай гендерлік мәселелер ерекше өзекті болып табылады? Өздерінің гендерлік құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыру үшін олар қандай шаралар қажет деп біледі?



Зерттеу әдіснамасы

Кәсіби әлеуметтанушылар 2016 жылдың мамыр мен қыркүйек айларының аралығында Астана және Алматы қалалары мен Қазақстанның бес аймағында сауалнамалар, фокус-топтар, сарапшылар сұхбаттарын жүргізді.

1.1. Зерттеу сұрақтары

Сауалнама әрқайсысы белгілі бір мәселенамаға арналған 9 бөлімнен тұрады. «**Жалпы мәліметтер**» деп аталатын **А бөлімінде** біз қазақстандықтар үшін гендерлік мәселенің маңыздылығы, олардың гендерлік саясат туралы қаншалықты хабардар екендігі және оның жүзеге асырылуы туралы ақпарат алу көздері, Қазақстанда гендерлік саясатты жүзеге асыруды реттейтін нормативтік құжаттарды білуі туралы сұрақтарды анықтағымыз келді. «**Саясат**» деп аталатын **В бөлімінде** негізгі екі сұраққа – әйелдердің саясатқа қатысуының маңыздылығын бағалау мен гендерлік бюджеттендіруге – арналды. «**Мамандықтар**» деп аталатын **С бөліміне** ер мен әйел еңбегінің маңыздылығын бағалауға, ерлер мен әйелдерге лайық мамандықтардың болуына қатысты сұрақтар енгізілді. «**Неке, жыныстық қатынастар**» деп аталатын **Д бөлімі** некеге дейінгі қарым-қатынастарға, некеге тұру жасына, «қалыңдық ұрлау» дәстүріне қатысты көзқарастарға, ана болу мәселесіне, отбасындағы бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарды қамтиды. «**БАҚ**»-қа арналған **Е бөлімінде** ерлер мен әйелдердің гендерлік бейнелерін қалыптастыруға қазақстандық БАҚ-тың тигізетін ықпалына қатысты сұрақтарды қарастырдық. «**Гендерлік білім**» деп аталатын **Ғ бөлімі** қазақстандықтардың гендерлік сауаттылық деңгейін бағалауға арналды. «**Денсаулық**»-қа қатысты **Г бөлімі** қазақстандық ерлер мен әйелдердің денсаулық мәселесі мен сауалнамаға қатысушылардың денсаулықты сақтау үшін ұсынған жолдарына қатысты сұрақтарды қамтиды. «**Зорлық зомбылық**» деген **Н бөлімі** ерлерге де, әйелдер мен балаларға да қатысты зорлық-зомбылықтың таралу деңгейіне, зорлық-зомбылықтың түрлері мен формаларына,

себептеріне және онымен күресудің тиімді тәсілдерін анықтауға қатысты сұрақтарды қарастырады. «**Болжамдар**» атты **Ж бөлімі** сауалнамаға қатысушылардан қазіргі Қазақстанда гендерлік теңдікті тарату бойынша ұсыныстар жасауды өтінген екі сұрақтан тұрады.

1.2. Зерттеу әдістері


Зерттеудің көздеген мақсатына жету жолында сандық (сауалнама) және сапалық зерттеу (фокус-топтар, сарапшылар сұхбаттары) әдістері қолданылды. Сапалық әдістер бір жағынан зерттеу жұмысы үшін қызықты болып табылатын, екінші жағынан гендерлік саясат саласындағы сарапшыларға ғана мәлім ерекше жаңа тақырыптарды немесе жаңа қырларды анықтау үшін қолданылғанын баса айта кету қажет.

Сандық зерттеу. 18 - 60 жас аралығындағы 1500 респондент қатысқан социологиялық сауалнама Қазақстанның бес облысы мен Астана және Алматы қалаларында өтті. Сауалнама қала және ауыл тұрғындарын қамтып, олардың тұрғылықты жерлерінде сауалнамалық сұхбат әдісі арқылы жүргізілді. Іріктеу Қазақстан азаматтарының жынысы, жасы, ұлты мен білім деңгейі және сонымен қатар тұрғылықты мекен-жайы бойынша орын алды. Респонденттерді таңдау кездейсоқ маршруттық әдістеме мен үлестік сұрыптау арқылы жүзеге асырылды. Іріктемелі жиынтық нақты сипатта, яғни, белгіленген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы социологиялық зерттеуді өткізген сәттегі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне қарасты статистика комитетінің жалпы өзекті деректеріне сай тиісті өлшемдерге жақын.



Бөлім А. Жалпы мәліметтер

А.1. Сіздің ойыңызша Қазақстанда ерлер мен әйелдер арасында теңсіздік бар ма?



Қос жыныс өкілдері арасында теңсіздіктің бар-жоқтығына қатысты қойылған сұраққа берілген жауаптардың жалпы көрінісі оның қазақстандықтар өмірінде белгілі бір дәрежеде бар екендігін білдіреді. Бірақ респонденттердің көпшілігі (37,1 %) «Жоқ, бізде барлығы тең» деген нұсқаны, 14,4 % «Иә, өте жоғары деңгейде» деген нұсқаны таңдады. Респонденттердің бұл сұраққа берген жауаптарында аймақтық деңгейде айырмашылықтар бар екендігін айтуға болады. Бұл жайт қызметтің әр түрлі саласындағы еңбек бөлінісіне тән ерекшелік пен этномәдени факторлардың әсерін көрсетеді. Жауаптарды жас мөлшеріне қарай саралағанда барлық жас санаты бойынша «Жоқ, бізде барлығы тең» деген жауап үстем шықты. Орта білімді респонденттерге қарағанда жоғары білімділердің ішінде «Иә, бар, бірақ айқын емес» (30,7 %) және «Жоқ, бірақ кейде байқалып қалады» (19,7 %) деген нұсқаларды таңдағандардың үлесі жоғарырақ. Сауалнамаға қатысқан орта білімділердің арасында «Жоқ, бізде барлығы тең» деген жауапты таңдағандардың үлесі көп - 40 %. Гендерлік теңсіздіктің бар екендігін ауыл тұрғындарына қарағанда қала тұрғындары көбірек айтады. Аталмыш сұраққа берілген жауаптарды саралау қазақстандықтардың гендерлік теңсіздіктің бар екендігін мойындамайтындығын көрсетеді. Ал бұл жайт гендерлік саясатты және гендерлік теңдік стратегиясын жүзеге асырудың қажеттілігіне

күмән тудырады. Бірақ гендерлік теңсіздіктің бар екендігін жоққа шығару оның қандай әлеуметтік факт екендігі мен қандай салдары бар екендігі туралы білімнің жоқтығымен байланысты болу керек деп болжам жасауға болады.

А.2. Егер бар болса, неден байқалады?



Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі - 31,4 % теңсіздіктің басты көрсеткіші ретінде «Үй шаруасының бөлісін» таңдады. Олар көбінесе әйелдер атқаратын еңбектің бұл түріне ақы төленбейтіндігін әрі оның ауыр болып саналмайтындығын, сөйте тұра уақыт пен күш-қуатты талап ететіндігін мәлімдейді. Аймақтар деңгейінде сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі теңсіздік көрсеткіші ретінде осы «Үй шаруасының бөлісін» атап көрсетті. Екінші орынға «Балалар мен қарттарды бағып-қағу» деген нұсқа ие болды. Жас санаты бойынша барлық топтарда көпшілік тағы да осы екі нұсқаны – «Үй шаруасының бөлісі» және «Балалар мен қарттарды бағып-қағу» – таңдады. Жоғары білімді респонденттер арасында «Үй шаруасының бөлісін» атап көрсеткендер көп, өйткені әдетте адамның білім деңгейі оның үйден тыс қызметпен қаншалықты көп айналысатындығын көрсетеді. Көп этностыққа қарамастан отбасындағы гендерлік рөлдердің дәстүрлі түрде бөлінуі барлық әйелдерді қамтиды. Берілген жауаптардың тұрғылықты жерге қатысты бөлісіндегі айырмашылық барлық көрсеткіштер бойынша төмен деңгейде. Бұл дерек адамдардың өмір сүру салтындағы, қала мен ауыл арасындағы тұрмыс формаларындағы шекаралардың




жойылғанын көрсетеді. Қазақстандықтар үшін гендерлік тұрғыдағы проблема ретінде атап көрсетілген тек үй шаруасы және балалар мен егде жастағы туыстарды бағып-қағу болды. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясында қарастырылмаған. Ал бұл жайт аталмыш бағдарламалық құжат Қазақстан ерлері мен әйелдерінің шынайы мұқтаждықтары мен проблемаларына жеткілікті көңіл бөлмейді деп жорамалдауға түрткі болады.

А.3. Егер жоқ болса, неге?

Бұл сұраққа жауап бергендердің көпшілігі - 26 % - «Бұл менің жеке ойым» деген жауапты таңдаса, респонденттердің 18,5 % бұл біздің салт-дәстүріміз; 18,4 % бұл жағдай біздің қоғамда тарих барысында қалыптасқан; 9,4 % бұл діни нұсқама деп санайды. Қазақстанда жыныстық белгі бойынша теңсіздік жоқ деп санайтын ерлер бұл ойды тарихи алғышарттар мен мәдени салт-дәстүрлермен түсіндіреді, ал әйелдердің көбі өздерінің жеке пікіріне сүйенеді. 18 - 30 жастағы топ «Біздің қоғамда тарих барысында қалыптасқан жайт» деген пікірді қолдайды - 22,7 %. Сауалнамаға қатысушылардың білім деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын «Бұл менің жеке пікірім» деген жауапты соғұрлым жиірек таңдағанын айта кету керек. Барлық этникалық топтарда да «Бұл менің жеке ойым» деген жауап басым. Ал «Біздің қоғамда тарих барысында қалыптасқан жайт» деген жауап бойынша біраз айырмашылықтар бар: қазақтар - 17,6 %, орыстар - 18,7 %, басқа ұлт өкілдері - 21,7 %. Салт-дәстүрге қатысты жауапты көбінесе қазақтар таңдады - 19,6 %. Қала тұрғындарының арасында ең көп кезіккен жауап «Бұл менің жеке пікірім» болды. Қызықты бір дерек, діни нұсқамалардың әсері көп деп ойлайтындардың басым бөлігі қала тұрғындары - 11,1 % болса, ауыл тұрғындарының 3,9 % ғана бұл пікірді бөліседі.

А.4. Сізге гендерлік саясат ұғымы таныс па?



Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігіне - 37,2 % - гендерлік саясат ұғымы таныс. Әйтсе де 35,3 % оның не екенін білмейді. Гендерлік саясат ұғымынан ең көп хабардар – Орал қаласының тұрғындары - 58,9 %. Ал гендерлік саясат туралы ең аз білетін қала Семей - 19,6 %. Алматыда гендерлік саясат туралы білетіндер (38,3 %) мен ол туралы естігендердің (35,9 %) жалпы үлесі жоғары. Бұл тұрғыдан алғанда Алматы қаласы ең жоғары пайыздық көрсеткішке ие болғанын атап өту керек. Бірқатар сұрақтар бойынша Алматы тұрғындарының көбірек хабардарлығын қаланың мәдени астана сипатымен және білім ордаларының көптігімен түсіндіруге болады деген ойдамыз.



Гендерлік саясат туралы білетін әйелдердің үлесі (45,8 %) ерлерге қарағанда әлдеқайда жоғары (23,4 %).



31 - 45 жас
43,8 %



46 - 59 жас
45,8 %

Гендерлік саясат туралы сауаттылығы ең жоғары деңгейдегі топ – 31 - 45 (43,8 %) және 46 - 59 (45,8 %) жастағылар. Жоғары білімділердің арасында гендерлік саясат туралы білетіндердің пайызы 2 есеге артық – 45,3 %. Сауалнама нәтижелері гендерлік саясат туралы білім деңгейінің адамдардың тұратын жеріне байланысы жоқ екендігін көрсетті. Қала тұрғындарының арасында білетіндердің пайызы жоғары екеніне қарамастан (38,3 %) ауылдық елді мекендерде «Естуім бар» дегендердің үлесі де соған таяу болды (32,3 %). Ал қала тұрғындарынан соңғы жауапты таңдағандардың үлесі 26,3 %.

Информанттардың гендерлік саясат жайында біліп-білмеуге қатысты пікірлерінің іс жүзінде теңдей бөлінуі қазақстандықтардың гендерлік саясаттың не екендігі жөніндегі білімдері айқын, нақты еместігін және ҚР гендерлік теңдік стратегиясының бар екендігі олардың хабардарлығына ешқандай әсер етпейтіндігін көрсетеді.

А.5. Осы сөз тіркесін қай жерден естідіңіз?

Бұл сұрақ бойынша пікірлер төмендегідей түрде бөлінді: ақпараттың негізгі көзі – БАҚ - 47,2 %, екінші орында «Ғаламтор» - 20,2 %. Тек 9,1 % ғана гендерлік саясат туралы білім саласында естіп-білген. «Жұмыс орнында» деген жауапты таңдағандардың ең көп үлесі Павлодарда - 30,3 %. Ең сирек таңдалған жауап «Оқу орнында» болды. Бұл дерек қазақстандық колледждер мен

жоғары оқу орындарында гендерлік білімнің жоқтығын немесе шектеулі екендігін білдіреді. Әйелдердің 5 % гендерлік саясат туралы БАҚ-тан, 22,7 % ғаламтордан, 20,8 % жұмыс орнынан естіп-білген.

ҚР гендерлік теңдік стратегиясында төртінші мақсат ретінде гендерлік білім мен гендерлік ағартушылық атап көрсетілгендігіне қарамастан, білім беру жүйесі гендерлік білімнің таралуына өте аз ықпал етеді.

А.6. Сіз Қазақстан Республикасында азаматтардың гендерлік құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттарды білесіз бе?


Сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі - 60,6 % - Қазақстан Республикасы азаматтарының гендерлік құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттар туралы білмейді. Нормативтік құжаттаманы білетіндердің ең жоғары үлесі Орал (30,5 %) және Павлодар (29,1 %) қалаларының тұрғындарына тиесілі. Ерлердің басым көпшілігі (72,8 %) гендерлік құқықтарды реттейтін нормативтік құжаттар туралы ештеңе білмейді. Ал әйелдер арасында сауалнамаға қатысқандардың 52,7 % өздерінің құқықтарын реттеп, бірқатар сұрақтар бойынша өмірлерін жеңілдететін нормативтік-құқықтық құжаттардан бейхабар. Гендерлік саясат саласын реттейтін нормативтік-құқықтық құжатнамаларды білуге қатысты сұраққа алынған жауаптар орта білімділерге қарағанда жоғары білімді респонденттердің гендерлік заңнамадан көбірек хабардар екендігін көрсетеді. Қай ұлт өкілі болса да қазақстандықтар азаматтардың гендерлік құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттар туралы білім немесе ақпарат алуға талпынбайды. Ауыл тұрғындарының гендерлік қатынастар салаласындағы құқықтық реттеу туралы ақпараттары аз. Бұл сұраққа қатысты пікірлердің бөлісі ҚР гендерлік теңдік стратегиясы қатардағы көптеген қазақстандықтар арасында бейтаныс және ол қазақстандық қоғамдағы гендерлік қатынастарға қатысты ресми құрылымдардың



көзқарасын көрсететін формалды құжат деген біздің болжамымыздың дұрыстығын дәлелдейді.

А.7. Сіз Қазақстан азаматтарының гендерлік құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттардың дәл қайсысымен таныссыз?

Ең көп таралған ақпарат Еңбек кодексі туралы болды, бұл жауапты респонденттердің 21 % таңдады. Екінші және үшінші орында «Гендерлік теңдік стратегиясы» - 14,9 % мен «Қылмыстық кодекс» - 14,9 % тұр. Алдыңғы сұрақтар секілді мұнда да әйелдер нормативтік құжаттардан көбірек хабардар. Барлық жас топтарының арасында ең танымал құжат – ҚР Еңбек кодексі. Орта және арнайы орта білімі барларға қарағанда жоғары білімді информанттардың құқықтық және азаматтық сауаттылығы жоғары екенін көреміз. Зерттеуге қатысқан барлық этникалық топтар арасында ҚР Еңбек кодексі туралы ақпараттың деңгейі жоғары. Қала тұрғындары арасында көрсеткіштер мынадай: ҚР Еңбек кодексі - 21,6 %, 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы - 17 %. Бұл жауап ауылдық жерлерге қарағанда 0,8 %-ға төмен.



14,9 %



14,9 %

А.8. 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының гендерлік теңдік стратегиясының басты мақсаттарын білесіз бе?

Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (60,6 %) бұл сұраққа жауап бермеді. Тек 6,8 % «ҚР гендерлік теңдік стратегиясының» мазмұнын біледі. Осы сұрақ бойынша сауаттылықтың ең жоғарғы көрсеткіші Павлодар (15,8 %) және Орал (14,2 %) қалаларында болды. Ерлердің 73 %, ал әйелдердің жартысынан көбі (53,6 %) «ҚР гендерлік теңдік стратегиясы» туралы ештеңе білмейді. Барлық жас топтары бойынша респонденттердің басым көпшілігі «ҚР гендерлік теңдік стратегиясының» мақсаттарынан бейхабар. Алдыңғы сұрақтар секілді мұнда да 31 - 45 (8 %) және 46 - 59 (7,7 %) жастағы топтар сауаттылықтың жоғары деңгейін көрсетті. Жоғары білімділер арасында бұл мәселеден хабардар жандардың үлесі көбірек. Орта білімділердің тек 2,9 % стратегияның басты мақсаттарын білетіндіктеріне сенімді. Гендерлік теңдік стратегиясының негізгі ережелері туралы ең аз




21 %



білетіндер – басқа этникалық топтар өкілдері (2 %). Қаланың да (59,6 %), ауылдың да (64,7 %) тұрғындарының көпшілігі бұл сұраққа жауап бере алмады. Мұның алдында қойылған сұрақта біз гендерлік теңдік стратегиясын білетіндердің жоғары үлесіне қол жеткізген болсақ, стратегияның нақты мақсаттарын көрсетуді өтінген бақылау сұрағы респонденттердің басым бөлігінің олардан бейхабар екендігін көрсетті.

А.9. Төменде атап көрсетілген проблемалардың қайсыларын ерлердікі деп атар едіңіз?




Респонденттер «жоғары деңгейдегі өлім-жітімді» (58,9 %), «жүрек-қан тамыр ауруларын» (53,9 %) және «жұмыссыздықты» (39,4 %) ең көп таралған ерлер проблемасы ретінде танып, біледі. Ал ер адамдардың өздері ерлер проблемасы деп «жоғары деңгейдегі өлім-жітімді» (65,9 %) атап көрсетті. Орта білімділер барлық проблемаларға қатты назар аударады. Жоғары білімділер көбінесе жұмыссыздық проблемасын атады. Барлық этникалық топтар өкілдері бірінші орынға жоғары деңгейдегі өлім-жітімді қояды, оған әсіпесе, орыс ұлтының өкілдері ерекше көңіл бөледі (62,7 %). Барша этностар екінші орынға жүрек-қан тамыр ауруларын қояды. Қала

тұрғындарымен салыстырғанда ауыл тұрғындары ерлердің проблемалары аз деген пікірде.

Осы сұрақ бойынша респонденттердің көзқарастары ҚР гендерлік теңдік стратегиясының мақсаттарына жартылай сай келеді. Сөйтіп, ресми құрылымдар да, қатардағы қазақстандықтар да ерлер арасында сырқат пен өлім деңгейі жоғары екендігіне алаңдаушылық білдіреді. Бірақ сонымен қатар жұмыссыздық мәселесі де ерлер үшін өте маңызды проблема ретінде атап көрсетілді.

А.10. Төменде атап көрсетілген проблемалардың қайсыларын әйелдердікі деп атар едіңіз?



Әйелдердің басты проблемаларының қатарында мыналар анықталды: ерте жүктілік - 75,8 %, ақы төленбейтін үй шаруасы - 71,4 %, жұмыстағы және үйдегі екі есе жүктеме - 68,6 %. Ең маңызды емес проблемалар ретінде өлім-жітімнің көптігі (9,6 %) мен жұмыссыздық (18,3 %) атап көрсетілді. Ерлер ерте жүктілікті әйелдердің басты проблемасы деп біледі - 79,1 %. Ал жас санаты бойынша барлық топтар бірінші орынға ерте



жүктілікті қойды. Екінші орынға әйелдердің үйдегі және жұмыстағы екі есе жүктеме мәселесі шықты. 31 - 45 жастағылар осы мәселеге ең көп көңіл бөлген топ болды - 70,2 %. Үшінші проблема ретінде үйдегі зорлық-зомбылық атап көрсетілді. Жоғары білімділердің көпшілігі (71 %) үйдегі және жұмыстағы екі есе жұмыс көлемін проблема ретінде көреді. Ал орта білімділер әйелдердің басты проблемасы ретінде ерте жүктілікті атады (79,2 %). Барлық этникалық топтардың өкілдері де ерте жүктілікті әйелдердің басты проблемасы деп санайды. Олардың ойынша екінші орында ақы төленбейтін үй еңбегі, үшінші орында үйдегі зорлық-зомбылық тұр. Қалалықтар секілді (78,3 %) ауыл тұрғындары да (67,5 %) ерте жүктілікті ең маңызды проблемалар қатарына жатқызады. Қазақстандықтардың пікірлері мен стратегияда атап көрсетілген мақсаттардың өзара үйлесуіне келсек, олар әйелдер мәселесінде жартылай сәйкеседі. Зерттеуіміздің деректері бойынша басты проблемалар қатарында атап көрсетілген үй шаруасының төлемі, екі есе жүктеме мәселелері стратегияда қарастырылмаған. Есесіне онда ерте жүктілік мәселесі қозғалған.

орташа - 1,6 %) пен ерте жүктілік (жоғары - 1,7 %, орташа - 1,3 %) ең маңызсыз проблема ретінде аталды. Басқа этникалық топтардың өкілдері жұмыссыздықты екі жыныс үшін де ең өзекті проблема ретінде атап көрсетті (27,9 %). Еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестікті таңдағандардың ең жоғарғы көрсеткіші орыс ұлты өкілдерінің үлесінде (18,7 %). Этникалық топтар үйдегі зорлық-зомбылықты ең маңызсыз проблема деп санайды (қазақтар - 0,9 %, орыстар - 0,9 %, басқа ұлттар - 1,4 %). Қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары ерлер мен әйелдерге ортақ проблемалар көбірек деген пікірде. Олар жұмыссыздықты басты проблема деп біледі (33,4 %). Қалалықтар (1,1 %) мен ауыл тұрғындары (0,6 %) тұрмыстық зорлық-зомбылық пен ерте жүктілікті (қала - 2 %, ауыл - 0 %) ең маңызсыз проблема деп санайды. Осы сұраққа қатысты пікірлер бөлісі қазақстандықтар үшін экономикалық проблемалардың (жұмыссыздық, еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік) зор маңызға ие, ал гендерлік мәселенаманың маңыздылығы аз екендігін көрсетеді.

А.11. Төменде атап көрсетілген проблемалардың қайсыларын ортақ деп санайсыз?



жұмыссыздық
24,9 %



еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік
15,3 %

Ерлер мен әйелдерге ортақ проблема ретінде жұмыссыздық (24,9 %), еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік (15,3 %) атап көрсетілді. Барлық жас топтары бірінші орынға ерте некені қойса, үйдегі зорлық-зомбылық (жоғары - 0,6 %,

А.12. Әйелдердің қандай топтарын әлеуметтік тұрғыдан осал топқа жатқызасыз?



мүгедек әйелдер
54,3 %



жұмыссыз әйелдер
53,3 %



мүгедек балалары бар әйелдер
49,9 %

Сауалнамаға қатысушылар бірінші орынға мүгедек әйелдерді (54,3 %), екінші орынға жұмыссыз әйелдерді (53,3 %), үшінші орынға



мүгедек балалы әйелдерді (49,9 %) жатқызды. Ер адамдар әлеуметтік тұрғыдан ең осал топқа жұмыссыз әйелдерді (53,6 %), ал әйелдер мүгедек әйелдерді (56,4 %) жатқызады. Ерлердің пікірі бойынша еңбек ету арқылы ақша табудың мүмкін еместігі әйелдердің осалдық дәрежесін арттыра түседі. Ал әйелдердің пікірі бойынша мүгедек немесе ауру бала осалдық дәрежесін арттыра түседі. Жұмыссыздық мәселесі одан кейінгі орында. Респонденттердің жас тұрғысынан қарасақ, барлық топтың өкілдері денсаулықтың болмауы немесе балалардың ауруға шалдығуы әйелдерді әлеуметтік тұрғыдан осал етеді деген пікірде. Әйелдердің әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын анықтауда жоғары және орта білімділердің жауаптары өзара өте ұқсас. Жоғары білімділер де, орта білімділер де бірінші орынға жұмыссыз әйелдерді (54,3 %), екінші орынға мүгедек әйелдерді (52,7 %) қояды. Қазақтар жұмыссыз әйелдерді (53,9 %), ал орыстар мен басқа этникалық топ өкілдері мүгедек әйелдерді (59,9 %) ең осал топқа жатқызады.

Бөлім В. Саясат

В.13. Сіз әйелдерді саясатқа қатыстыру қажет деп санайсыз ба?



58,3 %



22,7 %

Сауалнамаға қатысқандардың жалпы пікірін саралайтын болсақ, олардың көпшілігі әйелдер саясатқа міндетті түрде қатысу керек деп есептейді. Бірақ респонденттердің 22,7 % әйелдерге саясатқа араласудың қажеті жоқ деп білсе, 19 % бұл сұраққа пікір білдірмеді. Бұдан қазақстандықтар әйелдердің саясатқа араласуына қарсы емес деген тұжырым жасай аламыз. Пікірлер бөлісіне тұрғылықты өңірлердің әсері барын байқауға болады: шет аймақтардағы

қалаларға қарағанда астана тұрғындары аталмыш мәселеге көбірек толеранттылық танытады (Астана - 69,2 %, Алматы - 63,25 %). Орал қаласы тұрғындарының әйелдерді саясатта көргісі келетін қалауы жоғары екендігін айта кету керек - 75,1 %. Әйелдердің саясатта қажеті жоқ деп санайтындардың басым көпшілігі Семей (31,4 %) және Шымкент (30,6 %) қалаларында. Әйелдердің саясатқа қатысуының қажет екендігіне ерлерге қарағанда (49,3 %) әйелдер (64,5 %) сенімдірек. Сонымен қатар әйелдерге (16,9 %) қарағанда әйелдерді саясатқа тартудың қажеті жоқ деп санайтын ерлер (22,3 %) көбірек. Басқа жастағы топтарға қарағанда 18 - 30 жас аралығындағы респонденттердің ішінде әйелдерді саясатқа тартудың қажеттілігі жоқ деп санайтындардың үлесі жоғары (26,8 %). Әйелдердің саясатпен айналысуына жоғары білімі барларға (64,1 %) қарағанда орта және арнайы орта білімі бар азаматтар (50,4 %) көбірек шүбә келтіреді. Орта және арнайы орта білімі бар респонденттердің арасында әйелдерді саясатқа тартудың қажеті жоқ деп санайтындардың үлесі басымырақ (24,2 %). Әйелдердің саяси белсенділігіне қатысты белгілі бір пікірі жоқ респонденттердің үлесі де айтарлықтай көп (45,9 %). Қазақ (56,5 %) және басқа ұлттармен (51 %) салыстырғанда орыс ұлтының өкілдері (67 %) әйелдердің саясатқа араласуын көбірек мақұлдайды. Сондай-ақ бұл мәселеге ауыл тұрғындарына (54,5 %) қарағанда қалалықтар көбірек қолдау танытады (60 %). Ауыл тұрғындарының арасында әйелдерді саясатқа тартудың қажеті жоқ деп есептейтіндердің үлесі көбірек (23,5 %).

В.14. Егер олай санасаңыз, не себептен?

Информанттар әйелдердің саясатқа араласуы мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімділігін арттырады (39,5 %) және әйелдер Қазақстан халқының көп бөлігін құрайтындықтан саясатқа қатысуға міндетті (39,2 %) деген пікірде. Әйелдер қоғамның өзекті проблемаларынан көбірек хабардар деген пікірлегілердің үлесі де аз емес (32,6 %). Бір де бір респонденттің «Басқа, атап көрсетіңіз» деген жауап нұсқасы бойынша өзінің жеке пікірін білдіре алмауы аталмыш мәселеге қатысты пікірлер таптаурын сипатта және ол



жөнінде дұрыс қалыптасқан пікір жоқ деген тұжырым жасауға итермелейді. Сонымен қатар әйелдердің басым бөлігі (43 %) «Әйелдер саясатта қажет, өйткені олар ерлерге қарағанда айлалырақ әрі икемдірек» деп санайтынын баса атап өту керек. Сондай-ақ ер адамдардың 38,2 % әйелдер саясатқа араласса, мемлекеттің әлеуметтік саясатының тиімдірек болатындығына сенімді. Әйелдердің саны көп болғандықтан олар саясатқа араласу керек деп санайтын әйелдердің үлесі 36,8 % құрайды. Жоғары білімді информанттардың тек 11,8 %, орта және арнайы орта білімі барлардың 12,9 % әйелдер қоғамның өзекті мәселелерінен көбірек хабардар болғандықтан оларды саясатқа араластыру қажет деп есептейді.

В.15. Егер олай санамасаңыз, не себептен?

Респонденттердің көпшілігі (14,4 %) әйелдердің саясатқа араласуының мүмкін еместігін аталмыш кәсіпке отбасы мен ананың міндетін қосып атқарудың үйлеспейтіндігімен байланыстырады. Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылардың 9,4 % саясат әйелдер үшін күрделі іс деп санайды. Респонденттердің аз бөлігі (6 %) «Саясат – ерлер патшалығы» деген көзқарасты ұстанады. Пікірлердің аймақтар бойынша бөлісі де информанттарда саясат пен ана болу бір-біріне үйлеспейді деген ойдың басым екендігін көрсетеді. Мұнда әсіресе, саясатты «Лас іс, онда әйелдерге орын жоқ» деп санайтын Шымкент (26 %) пен Астана (16 %) тұрғындарының пікірі ерекше көзге түсетінін айта кету қажет. Саясат әйелдерге жар және ана болуға мүмкіншілік бермейді деп санайтын ерлердің үлесі (16,6 %) әйелдерге (13,1 %) қарағанда көбірек. Сонымен қатар саясат – әйелдер үшін тым күрделі іс деп білетін ерлердің үлесі де (11 %) әйелдерге (8,4 %) қарағанда жоғары. Жас санаты бойынша нәтижелер де саясат әйелдерге арналған іс емес, өйткені олардың аналық және отбасылық міндетіне кедергі келтіреді деген пікірдің басымдылығын көрсетеді. Бұл көзқарас әсіресе, 18 - 30 жас аралығындағылар (15,9 %) мен 60 және одан жоғары жастағы топ өкілдеріне (14,8

%) тән. Жауаптарды респонденттердің білім деңгейіне қарай саралау жоғары білімі барлар (11,7 %) мен орта және арнайы орта білімі барлардың (18,6 %) ана міндеті мен саясатты қалай ұштастыруға болатынын түсінбейтіндіктерін көрсетеді. Саясат әйелдің отбасылық және аналық қызметіне бөгет болады деген пікір орыс ұлтына (7,3 %) қарағанда қазақ ұлты (15,6 %) мен басқа ұлттар өкілдерінде (15 %) басымырақ. Ауыл тұрғындарына (4,8 %) қарағанда қалалықтар (9,6 %) «Саясат – лас іс, онда әйелдерге орын жоқ» екеніне сенімдірек. Ауыл тұрғындары әсіресе, саясат әйелдің отбасылық және аналық қызметіне бөгет болады деген пікірді көбірек қолдайды (19,6 %). Әйелдердің саясатқа араласу мүмкіншілігіне қатысты қазақстандықтардың ұстанған мұндай дәстүршіл көзқарастары түңілдіреді және қауіп шақырады. Әсіресе, 18 - 30 жас аралығындағы топ өкілдерінің пікірі ерекше алаңдаушылық тудырады. Сондай-ақ ҚР гендерлік теңдік стратегиясында екінші мақсат ретінде қоғамдық-саяси өмірде және әйелдерді саясатқа белсенді түрде араластыруда гендерлік теңдікке қол жеткізу (әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның бастамасы бойынша әйелдердің саяси көшбасшылық клубтарының желісін құру) атап көрсетілсе де, қазақстандық саясаттағы әйелдердің орнына қатысты жағдайда сапалы өзгерістер байқалмайды.

В.16. Қазақстандық әйелдерді саясатқа белсенді араластыру үшін қандай шаралар ұсынар едіңіз?

Жауап нұсқаларын жалпы талдап қарастыру респонденттердің басым бөлігінің (45,9 %) әйелдерді саясатқа белсенді түрде тарту үшін оларға саясат пен отбасын қатар алып жүруге мүмкіндік беретін жеңілдіктер ұсынылуы қажет және әйелдерге саяси басшылықты үйрету керек (40,2 %) деген пікірде екендігін көрсетті. Келесі біршама бөлігі әйелдердің саяси партиясын құру қажет деп есептейді (33,8 %). 23,7 % жауап ретінде мәслихаттағы және Парламент



мәжілісіндегі әйелдерге бөлінетін орын үлесін таңдады.

Аймақтар бойынша пікір айырмашылығы өте үлкен. Мәселен, Астана қаласында респонденттердің жартысы әйелдердің саяси партиясын құруды қолдағанымен (52 %), саясаттағы әйелдерге бөлінетін орын үлесі бойынша төмен нәтиже көрсетті (24,4 %). Әйелдердің саяси партиясын құруды Семей қаласының тұрғындары да қолдайды (47,9 %). Әйелдер партиясын құруды ең аз қалайтындардың үлесі Павлодар қаласының тұрғындарына тиесілі (17 %). Сауалнамаға қатысқан ерлердің көпшілігі (41,3 %) әйелдерді белсенді түрде саясатқа тарту үшін әйелдердің саяси партиясы, ал әйелдердің көпшілігі (52 %) саясат пен отбасын қатар алып жүруге мүмкіндік беретін жеңілдіктер қажет деп біледі. Сауалнамаға қатысқан 18 - 30 жас аралығындағы респонденттердің көпшілігі (42,4 %) әйелдерді саясатқа тарту үшін оларды саяси жетекшілікке үйрету қажет деп есептейді. 31 - 45 жас аралығындағы респонденттердің басым көпшілігі (50,6 %) әйелдерге саясат пен отбасын қатар алып жүруді мүмкін ететіндей жеңілдіктер көрсетілу қажет деп біледі. 46 - 59 жас аралығындағы респонденттердің көпшілігі (44,4 %) мен 60 және одан жоғары жастағылар (43,7 %) да тура сондай пікірде. Сауалнамаға қатысқан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттердің басым көпшілігі (48 %) әйелдерді саясатқа тартуға жеңілдіктер ұсыну көмектеседі деп біледі. Қазақтардың (47,6 %), орыстардың (43,1 %) және басқа ұлт өкілдерінің (41,5 %) басым бөлігі де әйелдердің отбасын, ана міндеті мен саясатты қатар алып жүруі үшін оларға жеңілдіктер көрсетілуі қажет деп есептейді. Саяси құрылымдардағы әйелдерге бөлінген орын үлесі ең тиімсіз әдіс болып табылады. Қала/ауыл деңгейіндегі пікірлерді саралау ауыл тұрғындарының да (48,2 %), қала тұрғындарының да (45,2 %) көпшілігі әйелдерді саясатқа тарту үшін жеңілдіктер көмектеседі

деген ойда екендігін көрсетті. Ауыл тұрғындары (19,3 %) үшін де, қала тұрғындары (25%) үшін де ең тиімсіз әдіс әйелдерге бөлінетін орын үлесі болып табылады. Қазақстандық әйелдерді саясатқа тартуға қандай жолдар көмектесетіндігі жөніндегі сұраққа берілген ортақ және дәстүрлі жауаптар жеңілдіктер ұсыну мен саяси басшылыққа үйрету болса, мәслихат пен мәжілістегі әйелдерге бөлінетін орын үлесі толығымен қабылданбаған жауап болды. Сауалнамаға қатысушылар жеңілдіктер мен жетекшілікке үйрету секілді айқын емес шараларды олар нақты іс-әрекеттер мен салдарды талап етпейтіндіктен қолдаса, әйелдерге бөлінетін орын үлесін ол шараны түсінбейтіндіктен жоққа шығарды. Оның тағы бір себебі ықтимал салдарға қатысты қорқыныштар болуы керек.

B.17. Сіз гендерлік бюджеттендірудің не екенін білесіз бе?



Жауаптарды саралау сауалнамаға қатысқан информанттардың 68,1 % гендерлік бюджеттендіруден бейхабар екендігін көрсетті. Респонденттердің тек 10,1 %-на ғана гендерлік бағыттағы бюджет ұғымы таныс. Гендерлік бюджеттендіру ісінен ең хабардар топ Павлодар қаласының тұрғындары (17,6 %) болса, ең аз хабардар топ – Шымкент қаласының тұрғындары (78 %). Ерлердің де (73,4 %), әйелдердің де (65,3 %) басым көпшілігі гендерлік бюджеттендірудің не екенінен бейхабар. Респонденттердің жас мөлшері бойынша жауаптарды саралау да көптеген жас топтарының (69,6 %) гендерлік бюджеттендіруден хабарсыз екендігін көрсетті. Сонымен қатар жоғары білімді информанттардың



да (66,6 %), орта және арнайы орта білімді информанттардың да (70,8 %) көпшілігі гендерлік бюджеттендіруді білмейді. Тек 10,8 % жоғары білімді және 8,9 % орта және арнайы орта білімді респонденттер ғана гендерлік бюджеттендірудің не екенін біледі. Гендерлік бюджеттендіру бойынша ең аз ақпаратқа ие қазақ ұлтының өкілдері (69,7 %) болса, ең көп ақпаратқа ие – басқа ұлттардың (8,8 %) және орыс ұлтының өкілдері (8,6 %). Аталмыш мәселеден қала тұрғындарына қарағанда (67,8 %) ауылдық елді мекендердің тұрғындары (69,2 %) азырақ хабардар. Атап айтқанда, ауыл тұрғындарының тек 7,9 %, қала тұрғындарының 10,8 % гендерлік бюджеттендірудің не екенін біледі. Тағы бір айта кететін жайт, «Басқа» деген жауап нұсқасын респонденттердің ешқайсысы таңдамады. Жауап нұсқаларының мұндай бөлісі біздің зерттеуіміздің қазақстандықтар үшін гендерлік бюджеттендіру мәселесі өзекті емес деген болжамымыздың дұрыстығын көрсетеді. Гендерлік бюджеттендірудің не екендігі, оның қандай жолдармен дайындалатындығы, қандай пайдасы бар екендігі және онымен кімнің айналысатындығы туралы білетін адамдар аз. Зерттеу барысында біз гендерлік мәселе ерлерге қарағанда әйелдер үшін маңыздырақ деген тұжырым жасадық. Гендерлік мәселеде ерлерге қарағанда әйелдердің көбірек ақпаратқа ие екендігі байқалады.

В.18. Сіздің ойыңызша Мемлекеттік құрылымдар (үкімет, мәжіліс, мәслихат) бюджеттің гендерлік талдауын жүзеге асыруы қажет пе?



7 %



88 %



1,3 %

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі - 88 % - бұл сұраққа жауап бере алмады. Тек 7 % ғана мемлекеттік құрылымдардың бюджеттің гендерлік талдауымен айналысуы қажет деп есептесе, 1,3 % оның қажеті жоқ деген пікірде. Аймақтық деңгейде алғанда да пікірлердің бөлісі тура осындай жағдайда. Ерлердің де (91,2 %), әйелдердің де (86,1 %) көпшілігі мемлекеттік құрылымдардың бюджеттің гендерлік сараптамасымен айналысуы қажет пе, жоқ па деген сұраққа жауап бере алмады. Респонденттердің жас деңгейі бойынша да дәл осындай жағдайды көруге болады. Орта және арнайы орта білім өкілдері де (91 %), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттер де (86,1 %) аталмыш сұраққа жауап берген жоқ. Сондай-ақ басқа ұлт өкілдерінің 89,1 %, қазақ ұлтының 87,9 % және орыс ұлтының 87,8 % бұл сұраққа жауап берген жоқ. Ауыл тұрғындарының 90,1 %, қала тұрғындарының 87,3 % да жауап бермеді. Мемлекеттік құрылымдар тарапынан бюджеттің гендерлік талдауының қажеттілігі жөніндегі сұраққа берілген жауаптардың мұндай бөлісі бізге сауалнамаға қатысушылардың гендерлік бюджеттендірудің өзі туралы айқын түсініктері жоқ болғандықтан, онымен кімнің айналысуы қажет екендігін де білмейтіндігін көрсетті. Бұдан гендерлік бюджеттендіру мәселесі қазақстандықтар үшін мүлде өзекті емес деген тұжырым жасауға болады.

В.1. Гендерлік бюджеттендіру. Сарапшылар пікірі

2016 жылдың мамыр-маусым айларында біз тағы да сараптамалық сауалнама өткіздік. Алуан түрлі қызмет ету салаларының кәсіби мамандарымен (үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, қоғамдық қайраткерлер және т.б.) 15 тереңдетілген жартылай құрылымдық сұхбат жүргізілді. Сарапшыларға гендерлік бюджеттендіруге қатысты 5 сұрақ қойылды. Енді сараптамалық сауалнаманың нәтижелерімен танысайық.



«Сіздің ойыңызша мемлекеттік құрылымдар (үкімет, мәжіліс, мәслихат) бюджеттің гендерлік талдауын жүзеге асыруы қажет пе?» деген сұраққа 15 сарапшының 10 бірауыздан гендерлік сараптама қажет екенін айтты. Сарапшылардың бірі өз жауабын былай деп түсіндірді: *«Бұрын гендерлік көрсеткіштер аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың индикативті жоспарына енгізілетін. Ол жоспар нақты шаралар мен көрсеткіштерді қарастыратын»* (3-С). Қалған сарапшылар (5 адам) гендерлік бюджетті құрудың қажет екендігіне сенімсіздік танытты. Бұл тұста 10-С пікірін атап көрсеткеніміз жөн: *«Менің ойымша гендерлік бюджеттендіру – Қазақстан үшін күрделі тәжірибе. Халық үшін «гендер» ұғымының өзі түсініксіз болса, гендерлік бюджеттендіру туралы айтудың да қажеті жоқ. Гендерлік бюджеттендіру жүрілу үшін алдымен бізде жеткіліксіз болып табылатын gender-aggregated data қажет. Біз гендерге қатысты барлық сала бойынша толық жағдайды көрмейінше, бір ғана жыныс үшін пайдалы болатын қандай да бір саланы бюджеттендіру бойынша арнайы бағдарламалар құра алмаймыз. Гендерлік бюджеттендіру маған сағат секілді жұмыс істеуге тиіс тұтас бір механизм ретінде елестейді: Зерттеу ----- Талдау ---- Проблемалы жерлерді анықтау ----- Бағдарлама құрастыру -- --- Имплементация-Мониторинг ----- Бағалау -- --- Қайтадан талдау. Ол үшін аналитиктер, қаржыгерлер, аудиторлар қажет. Гендерлік бюджеттендіру ұзақ мерзімді келешекте қажетті салаларға қаржы бөле отырып, гендерлік теңдіктің нығаяуына әкелуі мүкін. Алайда қысқа мерзімді келешекте гендерлік бюджеттендірудің мәні жоқ, себебі, қазіргі таңда Қазақстанда жалпы бюджеттендіру ісінің өзі дағдарысты бастан кешіруде».*

«Сіздің ойыңызша Қазақстанда бюджеттің гендерлік талдауының өзіндік әдістемесін жасаудың қажеттілігі бар ма?» деген сұраққа жауап алу барысында біз сарапшылар тарапынан арнайы әдістеме дайындаудың қажеттілігіне деген сенімділік байқадық (15 адамның 11). Мәселен, 2-С өз ойын былай білдірді: *«Иә,*

әлеуметті әйелдер ұйымдары мен ұлттық комиссияның қатысуымен, бірақ халықаралық тәжірибенің негізінде».

«Қазақстан бюджетінің қандай шығындық салаларын гендерлік сипатта деп атар едіңіз?» деген сұраққа сарапшылардың көпшілігі (15-тің 12-і) әлеуметтік салаларды атап көрсетті: денсаулық сақтау, білім, балаларға арналған жәрдемақылар, жүктілікке, босануға және баланың тууына қатысты әйелдерге арналған жәрдемақылар, еңбек қатынастары, қала, аудан, облыс бюджеті. 11-С гендерлік сипаттағы салаларға *«бірінші кезекте әлеуметтік және экономикалық, сосын орынды болған жағдайда саяси салалардың»* жататындығын атап көрсетті. Бірнеше сарапшы (3 адам) гендерлік сипаттағы салаларды сеніммен атай алмады.

Барлық сарапшылардың **Қазақстанда гендерлік саясатты жүзеге асыруға арналған шығындарды жеткіліксіз деңгейде** деп санайтындықтарын баса айту керек. 3-С *«Мүлде жеткіліксіз!»* деген ойын білдірді.

«Қазақстанның бюджеттік саясатын гендерлік тұрғыдан алғанда «соқыр» деп атауға бола ма?» деген сұраққа 13 сарапшы бір ауыздан «Иә» деп жауап берді, соның ішінде 7-С ойын эмоционалды түрде былай деп білдірді: *«Иә. Дәл солай деп атауға болады!»* Тек 1 сарапшы ғана былай деп жауап қатты: *«Олай деп айта алмаймын, себебі әлеуметтік бөлік оны анық есепке алады. Экономикалық бөлік те онымен формалды түрде болса да есептеседі».*

«Сіздің ойыңызша гендерлік сипаттағы бюджеттің қандай жақсылықтары бар?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлісі мынадай болды:

- Бюджеттік қаржыны тең бөлу (1-С)
- Мемлекет пен қоғамның барлық саласында гендерлік теңгерімді сақтау (3-С)
- Бірінші кезекте әйелдер мен балалардың мұқтаждықтары қанағаттандырылады және қорғалады (11-С)
- Әділдік, адам құқықтарын сақтау мен қолдау (2-С)



- *Күллі аймақты дамыту (7-С)*
- *Бюджеттің гендерлік талдауы өзінен өзі өзгерістерге әкелмейді, бірақ ол әйелдер, ерлер, ұлдар, қыздар және т.б. белгілі бір топтың пайдасы үшін шешімдер қабылдауға негіз болады (4-С)*
- *Бұл мемлекеттік қаржыларды әлеуметтік тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да сапалы әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік берер еді (5-С).*

Сөйтіп гендерлік мәселе саласындағы сарапшылардың қазақстандық тәжірибеде гендерлік бюджеттендіру шаралары жүрілмейді деген пікірде екендіктерін білдік. Алайда сарапшылар бюджеттің гендерлік сараптамасын жүргізудің қажет екендігіне сенімді. Бұл аталмыш шараның гендерлік теңдікті дамыту жолындағы маңыздылығы мен тиімділігін айқын түсінумен байланысты болып отыр. Сарапшылар бюджеттің денсаулық сақтау, білім жүйесі, балаға қарау жәрдемақысы тәрізді дәстүрлі салаларына гендерлік сараптама қажет деп біледі. Бұл жайт сарапшыларды гендерлік бюджеттендірудің тиімділігі, салдары мен маңыздылығы жөнінде әдеттегі, таптаурын сипаттағы көзқараста – гендер = әйел және балалар, бірақ гендер = әйел + ер адам + балалар = емес – деп тұжырымдауға ерік береді.

В.2. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 1325 «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» қарарының орындалуы. Сарапшылар пікірі.

2016 жылдың мамыр-маусым айларында жүргізілген сараптамалық сауалнама аясында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» резолюциясының орындалуына қатысты сұрақтар тобы қойылды. Үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, қоғам қайраткерлері болып табылатын 15 кәсіби сарапшы аталмыш резолюцияның Қазақстанда жүзеге асуының ерекшеліктеріне қатысты 7

сұраққа жауап берді. Сараптамалық сауалнама мынадай нәтижелер көрсетті:

«БҰҰ ҚК 1325 қарарының қандай қырлары Қазақстанда жүзеге асыру үшін өзекті?» деген сұраққа 15 сарапшының 7 «бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау шараларына әйелдердің қатысуы», «бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіндегі әйелдердің рөлі мен қосар үлесін бекіту», «әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп көрсетті. Ал қалған 8 сарапшы аталмыш тақырыптың өздеріне таныс емес екендігін айтып, бұл сұраққа түсініктеме бере алмады.

«Сіздің ойыңызша Қазақстанда БҰҰ ҚК 1325 қарарын жүзеге асыруға кім бастама көрсетеді?» деген сұраққа сарапшылардың көпшілігі (15 сарапшының 11) резолюцияны жүзеге асыруға бастама көрсететін негізгі агент мемлекет деп біледі. Ал үкіметтік емес ұйымдар, халықаралық ұйымдар мен азаматтық қоғам – мемлекеттің негізгі көмекшілері. 3-С бұл сұраққа былай деп жауап берді: «*Үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық қоғам өкілдері бірінші кезекте өздерінің мақсатты топтарының прагматикалық және арнайы мәселелеріне ден қоятындықтан, мемлекеттік және халықаралық ұйымдар*».

«Қазақстан Республикасының үкіметі бекіткен бағдарламалық құжаттарды, заңдарды («Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу» заңы, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң) БҰҰ ҚК 1325 қарарын жүзеге асырудың жолдары ретінде қарастыруға бола ма?» деген сұраққа 15 сарапшының 5 гендерлік құқықтар мен еркіндіктерді жүзеге асыруға қатысты қазақстандық үкіметтік құжаттарды БҰҰ ҚК 1325 резолюциясын жүзеге асырудың жолдары ретінде қарастыруға болмайды деген пікірлерін білдірсе, 3 сарапшы бұл құжаттарда резолюцияның мазмұны қамтылғандығына шүбә келтірді. 7 сарапшы сенімді түрде «Иә» деп жауап берді. Олардың ойынша қазақстандық заңдар



мен үкіметтік бағдарламалар резолюцияның мақсаттары мен міндеттеріне сай келеді.

«БҰҰ ҚК 1325 қарарын Қазақстанда жүзеге асыру барысында қандай проблемалы аймақтар бар деп ойлайсыз?» деген сұраққа 11-С *«Саяси ерік бар, бірақ оның жүзеге асуы менің ойымша үзік-үзік түрде өтіп жатыр және ол көптеген басқа құрылымдардың еркіне тәуелді. Сол себептен қаржыландыру мен есеп беру жеткіліксіз деңгейде. Ынтымақтастықтың үрдісі мен механизмдері бар және олар жолға қойылған. Бірақ қоғамның дауысы жеткілікті түрде есепке алынбайды»* деген ойын білдірді. Сарапшылардың үшеуі саяси еріктің, жеткілікті қаржыландырудың және есеп беруге міндеттіліктің жоқ екендігін алға тартты. С-7 мынадай ой білдірді: *«Іс-әрекеттер үйлестігі жоқ, мемлекет әлі күнге дейін үкіметтік емес ұйымдармен нашар жұмыс істейді, оларға шындап көңіл бөлмейді»*.

«Сіздің ойыңызша жергілікті билік органдары БҰҰ ҚК 1325 қарарының қағидаларын өз іс-әрекеттеріне қоса ма?» деген сұраққа 11 сарапшы жергілікті билік органдарының БҰҰ ҚК 1325 қарарын жүзеге асырумен айналыспайтындығын тілге тиек етсе, бір сарапшы өзінің болжамын былай деп білдірді: *«Айналысады деп ойлаймын, бірақ бар мәселе формалды қатынаста»*.

«БҰҰ ҚК 1325 қарарының қағидаларын Қазақстанда тиімді түрде жүзеге асыру үшін Сіз қандай ұсыныс жасар едіңіз?» деген сұраққа сарапшылар төмендегідей пікірлер білдірді: *«Мемлекет басшыларының қатысуымен елде әйелдердің халықаралық форумдарын ұйымдастыру»* (С-1); *«әйелдер құқықтары бойынша пәрменді, таңдаулы комитеттер құру»* (С-2); *«саяси ерік пен жеткілікті қаржыландыру қажет»* (С-4); *«халықты жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін үкіметтік емес ұйымдарды тарту»* (С-8); *«халық арасында гендерлік теңдік идеологиясын кеңінен енгізу және дамыту»* (С-7).


«Сіздің ойыңызша Қазақстан БҰҰ ҚК 1325 қарарында атап көрсетілген мақсаттарға қол жеткізе ала ма?» деген сұраққа нақты бір баға мен түсініктеме беру сарапшыларға қиынға түсті. Олар негізінен *«Сенімді емеспін»* (С-5), *«Қазір емес»* (С-9); *«Мүмкін»* (С-7) деген пікірлерге тоқталды.

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 1325 «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» қарарының Қазақстанда орындалуына қатысты сарапшылар сұхбатын талдай отырып, мынадай қорытынды жасай аламыз: шиеленістердің алдын алу жұмысы бойынша әйелдер мен қыздардың құқықтарын институционалды түрде қорғау жүйесін қалыптастыру, қауіпсіздік, қорғаныс, құқықтық тәртіп және төтенше оқиғалар саласындағы әйелдердің рөлін күшейту, жанжалды жағдайларда әйелдер мен қыздардың зорлыққа төзбеуін қалыптастыру, әйелдер мен қыздар үшін қауіпсіз орта құру және қолдау, жанжалды жағдайларда әйелдер мен қыздарды қорғауға қатысты субъектілердің дайындығын күшейту сияқты шаралар қажетті деңгейде іске асырылмайды. Аталмыш резолюцияны жүзеге асырудың басты агенті ретінде сарапшылар мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдарды, халықаралық ұйымдарды атады. Олар сондай-ақ басты проблемалар ретінде резолюцияны жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттер үйлестігінің жоқтығын, әлсіз саяси ерікті, немқұрайлылықты қаржыландыру мен есеп беру міндетінің жеткіліксіздігін атап көрсетті. Осы аталған жағымсыз шарттарды жою үшін сарапшылар халықаралық форумдар ұйымдастырып, әйелдер құқықтары бойынша таңдаулы комитеттер құру, қаржыландыруды көбейту, халыққа ақпарат тарату үшін үкіметтік емес ұйымдарды белсенді түрде іске қосу, сонымен қатар гендерлік теңдік идеологиясын халық арасына кеңінен енгізу және дамыту қатарлы ұсыныстар жасады.



Бөлім С. Мамандықтар

С.19. Сіздің ойыңызша Қазақстанда мамандықтар «ерлердікі» және «әйелдердікі» деп бөліне ме?



мамандықтар жыныс бойынша бөлінбейді **45,8 %**



еңбектің гендерлік тұрғыдан бөлінуі мүмкін екендігін білмейді **9,0 %**



мамандықтардың жыныс бойынша бөлінетіндігін мойындайды **39,6 %**

Сауалнамаға қатысушылардың 45,8 % мамандықтарды жыныстық белгі бойынша бөлмейді, 9 % еңбектің гендерлік бөлінісінің мүмкін екендігін білмейді, ал 39,6 % мамандықтардың жыныстық белгі бойынша бөлінісін мойындайды. Орал қаласы тұрғындарының 47,2 % мамандықтар ерлердікі және әйелдердікі деп бөлінеді деп санайды. Мұны көбінесе ер адамдар жұмыс істейтін ауыр өнеркәсіптің бар екендігімен түсіндіруге болады. Қарағанды тұрғындарының көпшілігі (49,5 %) мамандықтардың ерлердікі және әйелдердікі деген бөлінісінің бар екендігін алға тартады. Сауалнамаға қатысқан ер адамдардың басым бөлігі (51,4 %) ондай қиыншылықтарға ешқашан тап болмағандықтан, Қазақстанда мамандықтардың гендерлік белгісі жоқ деп есептейді. Қазақстанда мамандықтардың ерлердікі мен әйелдердікі деп бөлінуін жоққа шығаратын әйелдердің үлесі айтарлықтай жоғары (42,7 %). Бұл жайт әйелдер үшін қызметтің бірқатар саласында «әйнек төбе» әсерінің бар екендігі туралы біздің жорамалымызды да жоққа шығарады. Бірақ ол сонымен қатар әйелдер

аталмыш проблемаға ден қойып, саралаған да жоқ деп болжауға да негіз болады. Жас санаты бойынша 18 - 30 жас аралығындағы топ негізінен (43,8 %) ер және әйел мамандықтардың бар екендігін атап көрсетеді. Маманды еңбекпен айналыспағандықтан болу керек, 60 және одан жоғары жастағы топ (56,9 %) Қазақстанда мамандықтар гендерлік белгіге қарай бөлінбейді деген пікірді қолдайды. Респонденттердің көпшілігі (жоғары білімділер - 44,7 %, орта білімділер - 47,5 %) білім деңгейінен тыс мамандықтардың «ер» мен «әйелге» бөлінбейтіндігін алға тартты. Бұл сұраққа берілген жауаптарды этникалық деңгейде саралау орыс ұлты өкілдерінің басым бөлігінің (52,3 %) ондай бөлініс жоқ деп есептейтіндігін көрсетті. «Иә» деген жауапты таңдағандар арасында орыстардың үлесі 34,9 %, қазақтар - 40,6 % және басқа ұлттар - 41,5 %. Жауаптардың мұндай бөлінісі этномәдени ерекшеліктер мен әйелдің ақы төленуге тиіс мамандық ретінде де, қызметтің түрі ретінде де қарастырылмайтын үй шаруасымен белсенді айналысатындығымен байланысты болуы мүмкін. Қала тұрғындарының көпшілігі (48,2 %) мамандықтар ердікі және әйелдікі деп бөлінбейді деген пікірде. Ал ауыл тұрғындарының басым бөлігі (47,3 %) «иә» деген жауапты таңдады. Ауылдық өмірдің дәстүрлі салты еңбек түрін айқын бөле білетіні анық.



кенші

45,1 %

қарауыл



38,2 %

құтқарушы



37,7 %

Респонденттер мынадай мамандықтарды ерлердікі деп санайды: кенші - 45,1 %; қарауыл - 38,2 %; құтқарушы - 37,7 %. Ерлерге олардың күш-қуатын қолдануға болатын және қолдануға тиіс мамандықтар лайық деген пікірдің көптеген адамдарға ортақ екендігін айта кету қажет. Әйелдер арасында 48,4 % кенші мамандығы тек қана ерлердікі деп есептейді, бұл пікір ерлерге қарағанда 10 %-ға артық. Ал ерлердің көпшілігі



ең жоғары деңгейде өздеріне лайық деп таныған мамандық «құтқарушы» болды (40,6 %). Мұғалім мамандығын ерлерге лайық деп таныған әйелдердің жауабы ең аз үлеске ие болды (0,6 %). Ерлер өздеріне ең сай келмейтін мамандық ретінде кітапханашы мамандығын атап көрсетті (0,2 %).

Жас санаты бойынша барлық топтар кеншіні ер адам мамандығы деп біледі. 18 - 30 жас аралығындағы топ ерлерге ең сай келмейтін мамандық шаштараз (0,2 %) деген пікірде; 31 - 45 жас аралығындағы топ сатушы және дизайнер мамандықтарына 1 %-дан дауыс берсе, 46 - 59 жас аралығындағы топ өкілдері соңғы орындарға мұғалім (0,6 %), кітапханашы (0%) мамандықтарын қойды, ал 60 және одан жоғары жастағылар шаштараз (0 %) бен аспаз (0 %) мамандықтарын ерлердікі емес деп санайды.

Жоғары және арнайы орта мамандылар кенші, құтқарушы және қарауыл мамандықтарын ерлерге ең лайық мамандықтар деп біледі. Жоғары білім өкілдері дизайнер (0,5 %), кітапханашы (0,6 %) және шаштараз (0,7 %) мамандықтарын ерлерге ең сай емес мамандықтар деп біледі. Ал арнайы орта маман өкілдері ерлерге жарамсыз мамандықтар ретінде мұғалім (0,4 %), кітапханашы (0,5 %), хатшы (0,7 %) мамандықтарын атап көрсетті.

Қала тұрғындарының көбі дәрігерді ерлердің мамандығы деп санайды (2,8 %). Мұғалім мамандығына берілген тең бағаға тұрғылықты жердің әсері болған жоқ (0,6 %). Саясаткер мамандығына да шамамен ұқсас баға берілді (қала - 18,4 %, ауыл - 18,1 %) . Ең төменгі деңгейде берілген көрсеткіштер кітапханашы мамандығына тиесілі: қала - 0,6 %, ауыл - 0,3 %.

C.20. Егер солай ойласаңыз, қандай мамандықтарды әйелдердікі деп санайсыз?



хатшы
37,9 %



кітапханашы
36 %



бет әрлеуші
28,2 %

Төмендегі мамандықтар ең көп дауыспен әйелдердікі деген сипатқа ие болды: хатшы (37,9 %), кітапханашы (36 %), бет әрлеуші (28,2 %). Ең төменгі көрсеткіштерді құтқарушы (0 %), кенші (0 %), жүргізуші (0%) мамандықтары иеленді. Әйелдердің 0,9 % кеншінің, 0,8 % жүргізушінің және 0,3 % құтқарушының жұмысын өздері үшін мүмкін деп санайды. Ерлерге қарағанда әйелдер көбірек бухгалтерлікті өздеріне лайық мамандық деп біледі. Барлық ұлт өкілдерінің әйелдер үшін ең қолайлы үш мамандыққа қатысты пікірлері өзара ұқсас: хатшы, кітапханашы, бет әрлеуші. Қалалықтарға қарағанда ауыл тұрғындары әйелдерге лайық мамандықтар қатарына төмендегілерді көбірек жатқызады: аспаз - 15,4 %, мұғалім - 13,6 %, дәрігер - 5,7 %. Ал қала тұрғындарының ойынша шаштараз - 11,5 % және кенші - 0,6 % мамандықтары әйелдерге қолайлы.



С.21. Егер солай ойласаңыз, қандай мамандықтарды ортақ деп санайсыз?



дәрігер
42,1 %



басшы
39,3 %



мұғалім
36,5 %

Респонденттер ерлерге де, әйелдерге де лайық деп дәрігер (42,1 %), басшы (39,3 %) және мұғалім (36,5 %) мамандықтарын атап көрсетті. Барлық аймақтар дәрігер мамандығын бірауыздан екі жыныс өкілдері үшін де қолайлы мамандық ретінде санайды. Ер адамдар екі жыныс өкілдері үшін де лайық мамандық деп басшылықты таныса (33,9 %), әйелдер бірінші орынға дәрігерді қойды (46 %). Ең төменгі көрсеткіш кенші мамандығына тиесілі, оның пайдасына таңдау жасаған әйелдердің үлесі 2,8 % болса, ерлердікі 3,1 %. Фитнес-жаттықтырушы айтарлықтай жоғары нәтижеге ие болды: 18 - 30 жас аралығындағылар – 39,5 %; 31 - 45 жас аралығындағылар – 34,6 %; 46 - 59 жас аралығындағылар – 30,3 %; 60 және одан жоғары жастағылар – 32,6 %. Дәрігерді жоғары білімділердің көпшілігі (44,6 %), ал орта білімі барлардың 38,2 % екі жыныс өкілдері үшін де лайықты мамандық деп санайды. Ең төменгі таңдауға кенші (жоғары білімділер - 3,1 %, орта білімділер - 2,9 %) мамандығы ие болды. Орыстар да (39,4 %), қазақтар да (43,3 %) бірінші орынға дәрігер мамандығын қойды. Ал басқа ұлт өкілдері үшін (41,5 %) бірінші орында басшылық мамандығы тұр. Ауыл тұрғындары (50,9 %) мен қалалықтар (39,3 %) бірінші кезекте дәрігер

мамандығын атап көрсетті. Ең төменгі орында кенші мамандығы.

С.22. Сіздің ойыңызша Қазақстанда ерлер мен әйелдер бірдей кәсіби міндеттер үшін бірдей еңбекақы ала ма?



51,5 %



34,8 %



14,7 %

Респонденттердің көпшілігі (51,5 %) Қазақстанда ерлер мен әйелдер қызметтің бір түрі үшін бірдей кіріс табады деп есептейді. Тек 14,7 % ерлер мен әйелдердің табысы әртүрлі деп білсе, бұл туралы білмейтіндер мен мүлде ойланбағандардың үлесі айтарлықтай жоғары - 34,8 %. Жоғары білімі барлардың арасында бірдей жалақы алады деп санайтындар көп (52,8 %) болса да, «жоқ» деп санайтындардың да үлесі біршама (16,6 %). «Білмеймін» деген жауапты таңдағандардың көпшілігі – орта білімі бар респонденттер. Қала тұрғындары Қазақстанда ерлер мен әйелдер атқарылған бірдей міндеттер үшін бірдей жалақы алады деген пікірмен жоғары деңгейде (52,6 %) келіседі. Ал «Білмеймін» деген жауапты таңдағандардың арасында ауыл тұрғындары көп (31,6 %).

С.23. Сіздің ойыңызша Қазақстанда ерлер мен әйелдерді жұмысқа қабылдау шарттары бірдей ме?



32,3 %



24 %



27,7 %



Респонденттердің көпшілігі Қазақстанда жұмысқа қабылдау барысындағы ерлер мен әйелдерге арналған шарттар біркелкі деп санайды (32,3 %). Дегенмен «Жоқ» деген жауапты таңдағандардың үлесі де аз емес (27,7 %). 24 % бұл туралы ештеңе білмесе, 16 % бұл мәселе туралы ешқашан ойланбаған. Жауаптар үлесін саралау ер адамдардың ерлер мен әйелдерді жұмысқа қабылдау шарттары тең деген пікірмен келіспейтіндіктерін көрсетті (25,9 %). Бұл мәселе туралы ойланбағандардың үлесі ерлер арасында көбірек (25,1 %). Ерлерге қарағанда әйелдер «Иә» деген жауапты көбірек таңдады (36,2 %). Әйтсе де информанттардың 28,2 % жұмысқа қабылдау шарттары біркелкі емес деген пікірде. Бұл мәселе туралы білмейтін немесе ол туралы ойланбаған ерлердің үлесі әйелдерге қарағанда көбірек. Жоғары білімі бар адамдар (34,2 %) гендерлік тиістіліктен тәуелсіз қалаған жұмысқа орналасуға мүмкіндік бар деген пікірде. Орта білімі бар респонденттер арасында бұл мәселе туралы ешқашан ойланбағандардың үлесі көп (18,8 %). Қалалықтардың көпшілігі Қазақстанда ерлер мен әйелдер жұмысқа орналасу барысында тең мүмкіншіліктерге ие деп санайды.

Сауалнамаға қатысушылар еңбек нарығындағы гендерлік асимметрияны назарларына алмайды. Бірақ ол мәселе гендерлік теңдік стратегиясында қарастырылған. Стратегияда көзделген міндеттер ретінде мыналар атап көрсетілген: экономика салалары арасындағы жалақы деңгейін теңестіру және біркелкі еңбекке біркелкі ақы төлеу талабын сақтай отырып, еңбектің сипаты мен төлемі бойынша әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылықтарды азайту; әлеуметтік ұдайы өндіріс аясында ерлер мен әйелдердің ақы төленбеген еңбегінің макроэкономикалық салдарына сараптама жасау; еңбек нарығында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және әйелдерді жұмысқа тарту; қызмет жолында гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін кепілдіктер жүйесін құру және отбасылық міндеттер мен бала өсіру ісін табысты қызмет жолымен үйлестіру үшін мүмкіншіліктер жасау. Бұл жерде біз тағы да

қоғамдық және ресми дискурс арасындағы сәйкессіздікті көріп отырмыз.

Бөлім D. Неке, жыныстық қатынастар

D.24. Сіздің ойыңызша некеге дейінгі жыныстық қатынастарға жол беруге бола ма?

Некеге дейінгі жыныстық қатынастарға жол беруге болмайды деген жауаптың ең жоғарғы көрсеткіші Шымкент қаласына тиесілі болса (73,2 %), Қарағанды тұрғындарының 64,5 % және Павлодар тұрғындарының 28,9 % осы пікірді қолдайды. Астана тұрғындарының 48,4 % «Білмеймін, сенімді емеспін» деген жауап нұсқасын таңдады. Сауалнамаға қатысқан ерлердің де, әйелдердің де көпшілігі некеге тұрғанға дейінгі жыныстық қатынасқа (53,3 %) қарсы екендерін білдірді. Ондай пікірдегі респонденттердің басым бөлігі – әйелдер. Бірақ ерлердің көпшілігі де (42,8 %) некеге дейінгі жыныстық қатынастарға жол бермеу қажет деп санайды. Сөйте тұра ондай қатынастарды мүмкін деп есептейтін әйелдердің үлесі (26,5 %) ерлерге қарағанда (20,7 %) басымырақ. «Иә» деген жауапты таңдағандардың басым бөлігі – 31 - 45 жас аралығындағы топ өкілдері (31,1 %). Сондай-ақ бұл жауапты таңдағандардың арасында жоғары білімділердің үлесі көп - 25,5 %. «Жоқ» деген жауап нұсқасын көбінесе орта және арнайы орта білімі бар азаматтар таңдады - 50,4 %. Қазақ ұлтының өкілдері көбінесе «Жоқ» деген жауапқа дауыс берді (55 %). Орыс ұлтының өкілдері арасында өз жауабына сенімсіздердің үлесі жоғары - 34,6 %. Ауылдық өмірдің дәстүрлі салты тұрғындарының таңдауын некеге дейінгі жыныстық қатынасқа қарсы шығуға түрткі болса (56,1 %), «Иә» деген жауапты таңдағандардың арасында қалалық тұрғындардың үлесі басым (26,6 %). Сөйте тұра қалалықтардың арасында да жастардың некеге тұрғанға дейінгі жыныстық



қарым-қатынастарына қарсы адамдардың саны көп (44,6 %).

Гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясында жыныстық қатынас мәселесі репродуктивтік құқықтар тұрғысынан қарастырылған. Бұл жайт аталмыш мәселенің ресми дискурс деңгейінде де, дәстүр бойынша да өзекті сұрақ ретінде талқылануы кедергіге тап келетіндігін көрсетеді. Бұл мәселе бойынша сауалнамаға қатысқан информанттардың ойы Стратегия авторларының пікіріне сай келеді. Бұл тақырыпқа күнделікті дискурстарда да тыйым салынған.

D.25. Сіздің ойыңызша ер адамдардың қай жаста некеге отырғаны дұрыс?



26 - 30



Респонденттердің көпшілігі ерлер үшін 26 - 30 жас аралығын некеге тұру үшін ең оңтайлы жас деп санайды, ал екінші орында 25 жас атап көрсетілді (28,8 %). Әйелдер ерлер үшін оңтайлы жас 25 жас деп біледі (33,1 %). Ал ерлердің өздері ең лайықты жас 26 - 30 (36,5 %) деген пікірде. Білім деңгейінен тыс күйде отбасын құруға ең қолайлы жас деп респонденттер (жоғары білімділер - 34,2 %; орта білімділер - 33,5 %) тура осы 26 - 30 жас аралығын таңдады. Сонымен қатар сауалнамаға қатысқан барлық этникалық топтар да осы жасқа көп дауыс берді. Өмірдегі өз орнын тапқан еркектің бейнесін дәстүрлі түрде оның белгілі дәрежеде игерген білімі мен мамандығы анықтайды. Сауалнамаға қатысушылардың ойынша ер азаматтар тура 26 жасқа келген шақта некеге тұру үшін қажетті қасиеттерге ие бола алады.

D. 26. Сіздің ойыңызша әйел адамдардың қай жаста некеге отырғаны дұрыс?




20 - 24

Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі әйелдер үшін некеге тұруға 20 - 24 жас аралығын ең оңтайлы деп көреді (66,8 %). Ерлер әйелдердің некеге тұруына лайықты жас 20 - 24 аралығы (60,5 %) деп санайды. Әйелдердің өздері де 20 - 24 жас аралығын некеге тұру үшін ең лайықты жас деген пікірде (65,9 %). 60 және одан жоғары жастағы топ (60 %), 46 - 59 жастағы топ (63,7 %) және 18 - 30 жас аралығындағы топ та (67,6 %) әйелдердің некеге тұруына лайықты жас деп 20 - 24 аралығын атап көрсетті. Сауалнамаға қатысушылар білім деңгейінен тыс (жоғары білімділер - 67,2 %; орта білімділер - 58,8 %) әйелдердің некеге тұруына лайықты жас ретінде 20 - 24 атап көрсетті. Орта білімділердің ортасында сауалнамаға қатысқандардың 16,1 % 17 - 19 жас аралығын некеге тұру үшін ең оңтайлы жас деп біледі. Әртүрлі этникалық топтар өкілдерінің басым бөлігі де 20 - 24 жасты таңдады. Әйелдердің некеге тұруына лайықты жасқа қатысты сұраққа берілген жауаптарды саралап қарастыру нәтижесінде қалалық тұрғындардың да, ауылдық тұрғындардың да басым бөлігі осы жасты таңдағанын айта кетеміз.



D.27. Егер сіздің жақыныңызға (қызыңызға, қарындасыңызға, сіңіліңізге және т.б.) «қалыңдық ұрлау» дәстүрі қолданылса не істер едіңіз?



Мұндай жағдай орын алса, респонденттердің көпшілігі (43,1 %) көмек сұрап, полицияға жүгінеді екен. 20,8 % ол жайтқа амалсыз көндігетіндерін білдірсе, 5 % «Материалдық және моральдық нұқсан үшін күйеу жігіт тарапынан өтемақы төленуіне үміттенемін» деген жауапты таңдады. Демек олар ондай жағдайдың орын алуы мүмкін деп санайды. Алматы тұрғындарының көбі (53,6 %), құқық қорғау органдарының, ал Астана тұрғындары (41,8 %) ықпалды туыстарының көмегіне үміт артады. «Амалсыздан келісемін» деген жауапты ең аз таңдаған Астана қаласы болса (8,9 %), «қалыңдық ұрлауға» ең жоғары дәрежеде бой ұсынатын – Қарағанды қаласының тұрғындары (35,5 %). «Полицияға шағымданамын» деген жауапты таңдағандардың көбісі – әйелдер (46,6 %). Ерлер де көбінесе полиция көмегіне жүгінетіндерін айтса да, олардың арасында «Амалсыздан келісемін» (26,8 %) және «Туысқанымды үйге алып қайту үшін ықпалды туыстарымның көмегіне жүгінемін» (26,4 %) деген жауаптар да кездеседі. Жас санаты бойынша барлық топтар негізінен полицияға шағымданатындарын алға тартты. Жауаптардың ішінен ең сирек аталған «Материалдық және моральдық нұқсан үшін

күйеу жігіт тарапынан өтемақы төленуіне үміттенемін» деген жауапты таңдаған 18 - 30 жас аралығындағы топтың өкілдері болды (5,9 %). 46 - 59 жас аралығындағы респонденттер «Басқа» деген жауапты (мысалы, туысқан қыздың өзіне байланысты) таңдады (15,3 %). Бұл жерде сөз қалыңдықтың өз қалауын тыңдау туралы болып отыр, өйткені қалыңдық ұрлау салты кейде екі жастың өзара келісімі бойынша орын алады. Жоғары білімді респонденттер көбінесе құқық қорғау органдарының көмегіне сенеді (45,9 %). Ал орта білімді респонденттердің арасында «Туысқанымды үйге алып қайту үшін ықпалды туыстарымның көмегіне жүгінемін» деген жауап нұсқасын таңдағандардың үлесі көп (26,6 %). Этникалық деңгейде информанттардың басым көпшілігі «Полицияға шағымданамын» деген жауапты таңдады. Қала тұрғындарының да (42,8 %), ауыл тұрғындарының да (44 %) көпшілігі ондай жағдайда құқық қорғау органдарына хабарласу қажет деген пікірді қолдайды. Ауылдық тұрғындар арасында «Амалсыздан келісемін» деген жауапты таңдағандар үлесі 6,6 %-ға көп.

D.28. Сіз Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде «қалыңдық ұрлау» салтына қатысты қандай жаза белгіленгендігін білесіз бе?


Респонденттердің басым көпшілігі «қалыңдық ұрлау» қылмысы үшін жаза бар екендігінен бейхабар. Тек 8,5 % ғана ҚР қылмыстық кодексінің тиісті бабынан хабардар. 3,9 % ондай жазаның жоқ екендігіне сенімді. Орал (57,4 %), Қарағанды (56 %), Шымкент тұрғындары (54,8 %) «қалыңдық ұрлау» үшін жаза бар екендігін білмейді. Респонденттердің көпшілігі «Естуім бар, бірақ нақты ештеңе айта алмаймын» деген жауапты атап көрсетті. Және бұл жауапты көрсеткендер Семей қаласы тұрғындарының арасында көп (35,6 %). Әйелдердің 48,2 %, ер адамдардың 48,1 % қалыңдық ұрлауға қатысты жаза туралы ештеңе білмейді. Әйтсе де әйелдердің 10,1 %, ерлердің 6 % нақты бапты атап бере алады. Респонденттердің көпшілігі «қалыңдық ұрлау» қылмысы үшін жаза бар екенін білмесе де, 31 - 45 жас аралығындағы топтың



өкілдері (9,9 %) РК қылмыстық кодексінің бабын дәл атап бере алады. 60 және одан жоғары жастағы адамдардың 6,7 % ондай жаза жоқ және бұл ешқандай да қылмыс емес деп санайды. Жоғары білімі бар респонденттер заңнан көбірек хабардар екендіктерін көрсетті. Орта және арнайы орта білімі бар респонденттердің 49,8 % ондай жаза түрінен бейхабар. Этникалық деңгейде «қалыңдық ұрлау» бойынша қылмыстық жаза туралы ең аз білетін топ – қазақ ұлтының өкілдері (47,2 %). Орыс ұлтының өкілдері арасында «қалыңдық ұрлау» үшін жаза бар екендігін білмейтіндердің үлесі көп - 45,6 %, ал 16,5 % бұл мәселе жөнінде ойланбаған. Бұл деректі орыс ұлтында мұндай дәстүрдің жоқ екендігімен түсіндіруге болады. Ауыл тұрғындарының басым бөлігі (58,1 %) «қалыңдық ұрлау» үшін ҚР қылмыстық кодексінің 125 бабы бар екендігінен бейхабар екен. Қала тұрғындарының арасында заңнан хабардар адамдардың үлесі көбірек (9,6 %).

D.29. Сіздің ойыңызша тұрмыс құрғысы келген бойжеткенге ата-анасы қарсы болса, оның некеге отыруына бола ма?

Респонденттердің көпшілігі (45 %) «Білмеймін, жағдайға байланысты» деген жауапты көрсетті. 35,1 % «Жоқ, қажеті жоқ болу керек» деп санаса, тек 19,9 % ғана қыздың ата-анасының еркіне қарсы келуін қолдайды. Бұл сұраққа қатысты респонденттердің жауаптары әркелкі сипатта болды. Егер бұған дейінгі сұрақтар бойынша екі жыныс өкілдері пікір ұқсастығын көрсетіп, жауаптар арасындағы айырмашылық деңгейі төмен болса, аталмыш сұраққа қатысты пікір айырмашылықтары жоғары деңгейде. Ерлердің 52,1 % ата-ананың батасын алмай некелесу мүмкін емес деп есептейді. Әйелдердің 53,7 % өмірде бәрі болуы мүмкін деген оймен мәселені жағдайға қатысты шешу керек деп біледі.




Аға буын өкілдерінің көпшілігі «Жоқ, қажеті жоқ болу керек» деген жауапты таңдады (51,9 %). 31 - 45 жас аралығындағы топ ата-ананың рұқсатынсыз некеге тұруға шешім қабылдарда жағдайға қатысты көру керек екендігіне көбірек назар аударды (47,7 %). Орта және арнайы орта білімді респонденттер ата-ананың батасын алмай некеге тұруды ең көп мінеген топ болды (43,9 %). Жоғары білімді респонденттер некені қолдайтын жағдайларға үміт артады (49 %). Ал этникалық тиістілік жалпы алғанда ата-ананың батасын алмай некеге тұруға қатысты сұрақ бойынша пікірге көп әсер еткен жоқ. Аталмыш жайтты өз басына, балалары мен ағайын-туысына қатысты елестетіп көрген респонденттер тұрмыс құрғысы келген қыз сол сәттегі жағдайға қатысты шешім қабылдауы қажет деген пікірге көбірек тоқталды.

Ата-ана қарсы болса, тұрмыс құрудың қажеті жоқ деген ойдағы респонденттердің үлесі ауыл тұрғындарының арасында 6%-ға артық. Ал қала тұрғындарының көпшілігі (45,9 %) не істеу қажет екендігін білмейді немесе барлығы сол сәттегі жағдайға байланысты деген ойда.



D.30. Сіздің ойыңызша үйленгісі келген жігітке ата-анасы қарсы болса, оның некеге отыруына бола ма?



Бұл сұрақ бойынша респонденттердің пікірлері бір-біріне ұқсас келеді. Ондай некені мүмкін емес дегендер (27,4 %) мен жағдайға қатысты мүмкін дегендердің (27,4 %) саны тең. Әйелдердің көпшілігі «Жағдайға байланысты» деген жауапты таңдады (53,7 %). Бұл жерде жағдай деп қыздың жүкті болып қалу ықтималдығы айтылып отыр. Ер адамдар арасында жігіт ата-анасы қарсы болса, үйленбеуі керек деп санайтындардың үлесі 8 %-ға артық. Аға буын арасында «Жоқ, қажеті жоқ болу керек» деген жауапты таңдағандардың үлесі жоғары (35,6 %). 31 - 45 жас аралығындағы топ көбінесе жағдайға қарау керек деген пікірді қолдайды (50,4 %). Орта білімділердің көбі ата-ананың батасын алмай отау құруды сөгеді (32,8 %). Жоғары білімді респонденттер бұл жерде де некені қолдайтын жағдайларға үміт артады (52,3 %). Ауыл тұрғындарының арасында ата-ана қарсы болса, тұрмыс құрудың қажеті жоқ деп санайтындардың үлесі 4,4 %-ға артық. Ал қала тұрғындарының көпшілігі не істеу қажет екендігін білмейді немесе барлығы жағдайға байланысты деген пікірді бөліседі.

D.31. Сіздің ойыңызша әйел-ананың сәбиіне қарау үшін декреттік демалысқа шығып, үйде отырғаны дұрыс па?

Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі (85,1 %) әйел-ананың декреттік демалысқа шығуы қажет деп санайды. Тек 7,6 % ол міндетті емес деген пікірде. Әйелдің декреттік демалысқа шығуы міндетті емес деген пікірді қолдайтындардың арасында әйелдермен салыстырғанда ерлердің үлесі 1,8 %-ға жоғары. Олар әйел өзінің қызметі мен сәбиге қарауды бір-бірімен үйлестіре алар еді деген ойда. Әйелдердің 86 % бала күтіміне байланысты демалыста болғанды жөн деп санайды. Декреттік демалысқа шығудың қажет жоқ деген пікірдегілердің басым көпшілігі олардың экономикалық тұрғыдан ең белсенді топ екендігіне қарамастан – 31 - 45 жас аралығындағы топ өкілдері (9,3 %). Мұндай көзқарас ананың міндетін жақын туыстарға немесе балабақшаларға жүктеуге болатын мүмкіндікпен байланысты болуы керек. Респонденттердің көпшілігі – жоғары білімділер де, орта және арнайы орта білімділер де (86,2 % және 83,5 %) – әйел декреттік демалыс алып, баласына қарауға тиісті деген пікірде. Басқа ұлт өкілдерінің 15 % декреттік демалысқа шығуды қажет емес деп санайды. Қазақстанда тұратын бірқатар ұлттардың өкілдері әйелдің үйден тыс жұмыс істеуін маңызды деп ойламайтындықтан декреттік демалысты да қажеттілік ретінде танымайды.



85,1 %



7,6 %



Декреттік демалысқа шығу мәселесіне деген көзқарас этномәдени тиістілікке қатысты және экономикалық тұрғыдан әртүрлі сипатта. Азаматтардың бір санаты үшін декреттік демалыс – қол жетпейтін жағдай. Кіріс әкеліп тұратын қосымша шаруашылығы бар ауыл тұрғындары әйелдің үйде болуына мүмкіншілік жасай алса, қалалықтардың үйде отырып, өздерін қажеттіліктермен қанымдау мүмкіншілігі азырақ. Декреттік демалыстың қажеті жоқ деп санайтындардың арасындағы қала тұрғындарының үлесі 8% болса, ауыл тұрғындарының үлесі 6,3 %.

D.32. Сіздің ойыңызша қаржылай жағдайы нашар тұрмыс құрмаған әйел жоспарсыз жүкті болып қалса, сәбиді дүниеге әкелуі керек пе, әлде түсік жасатқаны жөн бе?



85,1 %



7,2 %

Респонденттердің көпшілігі (85,1 %), әйелдің некелік жағдайына қарамастан баланы дүниеге әкелгені жөн деген пікірді қолдады. Тек 7,2 % ғана ондай жағдайда әйелдің түсік жасатқаны дұрыс деп санайды. Ерлердің арасында жоспарланбаған баланы дүниеге әкелу керек деп санайтындардың үлесі жоғары (64,2 %). Ер адамдар өздерінің материалдық мүмкіншіліктеріне көбірек сенімді. Ал әйелдер сәбидің дүниеге келуі материалдық жағдайды анағұрлым нашарлата түсетіндігін біледі. Бала туғанда берілетін жәрдемақы ана мен баланы үш жыл бойы толық қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Түсік жасату қажет деп санайтындардың арасында 18 - 31 жас тобының өкілдері басым (13,4 %). Бұл жайтты басқалармен салыстырғанда аталмыш топтың көбірек материалдық ауыртпашылық тартып, жоспарланбаған жүктілік проблемасын бастан

кешіп жүргендігімен түсіндіруге болады деген ойдамыз. Білім деңгейін алып қарастырғанда респонденттердің жауаптары өзара ұқсас. Орта білімділер арасында қиыншылықтарға қарамастан босану қажет деп есептейтіндердің үлесі сәл жоғарырақ (4,5 %).

Орыс ұлтының өкілдері арасында «Иә, сәбиді дүниеге әкелу керек» деген жауапты таңдағандардың үлесі ең жоғары (60,2 %). Ал «Жоқ, түсік жасату қажет» деген жауапты таңдағандардың ең жоғары үлесі басқа ұлт өкілдерінде (19 %).

Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі баланың дүниеге келуін дұрыс деп санайды. Мұндай пікірді қолдайтын қала тұрғындарының саны (58,6 %) ауыл тұрғындарына (50,6 %) қарағанда көбірек.

D.33. Сіздің ойыңызша қаржылай жағдайы нашар тұрмыс құрған әйел жоспарсыз жүкті болып қалса, сәбиді дүниеге әкелуі керек пе, әлде түсік жасатқаны жөн бе?



67 %



7,8 %


Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (67 %) сол сәттегі жағдайларға қарамастан сәбиді дүниеге әкелу керек деген пікірді қолдады. Дегенмен жоғарыдағы сұрақпен (№32) салыстырғанда бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен. Респонденттер үшін әйелдің жұбайының бар болуы жағдайды жеңілдететін және баланың тууы үшін қолайлы шарт емес. Мұнда керісінше «Білмеймін, сол сәттегі жағдайға байланысты» деген жауап көбірек таңдалды (26,7 %). Ерлердің арасында жоспарланбаған баланы дүниеге әкелу қажет деп санайтындардың үлесі жоғары (77,5 %).



Олар әйелдің жұбайының бар болуы оның өмірін материалдық тұрғыдан жеңілдететін шарт деп ойлайды. Әйелдердің 32 % қандай шешімнің дұрыс болатынын білмей, сенімсіздік танытты.

Түсік жасату қажет деп санайтындардың ішіндегі ең көп үлес 46 - 59 жас аралығындағы топқа тиесілі (7,8 %). 60 және одан жоғары жастағылар жоспарланбаған баланың дүниеге келуін әйелдің күйеуі бар болған жағдайда ғана мүмкін деп санайды (80 %). Орта және арнайы орта білімі бар респонденттер «Баланы дүниеге әкелу керек» деген жауап бойынша да (71,5 %), «Түсік жасату қажет» деген жауап бойынша да (7,9 %) ең жоғарғы көрсеткішті көрсетті. Жоғары білімді респонденттер ең жоғары дәрежеде күмән білдіріп, «Сол сәттегі жағдайға байланысты» деген жауапты көбірек таңдады (30,6 %). Қала тұрғындарының көбінің жауабы «Баланы дүниеге әкелу керек» деген нұсқаның пайдасына шешілсе (68,6 %), ауыл тұрғындары «Білмеймін / жауап беруге қиналамын» деген нұсқаны 3 % -ға артық таңдады (28,9 %).

D.34. Сіздің ойыңызша отбасында баланың тәрбиесіне кім жауапты?



Сауалнамаға қатысушылардың 90,5 % ата-ананың екеуінің де тәрбиесі қажет деген пікірде. Тек 0,8 % ғана баланың тәрбиесімен анасы айналысуға тиіс деп есептейді. Аймақтық деңгейде алғанда респонденттерге бала тәрбиесімен ата-ананың екеуі де айналысуы керек деген ой ортақ болды. Әйелдермен салыстырғанда бала тәрбиесімен анасы айналысу керек деген ойдағы ерлердің үлесі сәл көбірек (1,5 %). Әйелдердің басым көпшілігі «Екеуі де» деген жауапты таңдады (91,4

%). 18 - 30 жас аралығындағы топ өкілдерінің ортасында 5,3 % бала тәрбиесі ананың міндеті деп біледі. Басқа жас топтарының 90 %-дан жоғары бөлігі бала тәрбиесін ата-ананың екеуіне де артады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттердің де (91,5 %), орта және арнайы орта білімі бар респонденттердің де (88,9 %) басым көпшілігі баланы тәрбиелеумен ата-анасының екеуінің де айналысқаны жөн деген пікірді қолдайды. Орыстардың да (96,3 %), қазақтардың да (89 %) және басқа этникалық топтардың да (87,1 %) ең көп бөлігі бала тәрбиесін ата-анаға бөліп жүктейді. Қала тұрғындары жауаптарының арасында ең төменгі көрсеткішке ие болған бала тәрбиесін ер жынысты туысқандардың (ата, көке, аға) қолына беру керек деген пікір болды (0,5 %). Ал ауыл тұрғындарының арасында бала тәрбиесімен анасы айналысуға тиісті деп санайтындардың үлесі 1,3 %-ға артық.

D.35. Сіздің ойыңызша қазақстандық отбасында үй шаруасының көбін кім атқарады?



Қазақстандық жанұяларда гендерлік рөлдердің дәстүрлі бөлісі бар екендігі байқалады. Сауалнамаға қатысушылардың 71,1 % үй шаруасының көп бөлігін ана мен әйел істеу керек деген пікірді қолдайды. 3,2 % ғана үй шаруасы тең бөлінуге тиіс деп санайды. Тек 3,4 % әке, күйеу атқаруға тиіс деген пікірде. Қазақстанның барлық аймақтары бойынша респонденттердің басым көпшілігі үй шаруасы дегеніміз ана мен әйелдің міндеті деп атап көрсетті. Ерлерге қарағанда әйелдердің көпшілігі өздерін үй шаруасының көбін атқарамыз деп ойлайды (73,1 %). Мұндай ойды қолдайтын ерлердің үлесі де аз емес (67,8 %). Әйелдердің 22,4 %, ерлердің 24,6 % ғана үй шаруашылығы ерлі-зайыптылардың екеуіне де




ортақ міндет деген пікірде. Орыстардың да (80,13 %), қазақтардың да (70 %) ең көп бөлігі үйдегі шаруаларды ана мен әйелге жүктейді. Өзге этностар өкілдерінің ішінде де көпшілік (36,1 %) үй шаруашылығын жүргізу міндетін анаға артады. Ауыл тұрғындарының арасында «Ерлі-зайыптылардың екеуі де» деген көрсеткіш қалаға (22,6 %) қарағанда біршама жоғары (25,3 %). Ауылдық елді мекендерде көбінесе жеке үй болатындықтан, оның көп шаруасы еркектің иығына түседі. Қаламен салыстырғандағы жоғарырақ көрсеткіш осы жайтпен байланысты. Ал қала әйелдері үйден тыс қызметпен белсенді айналысатындықтан оларда «Әке, күйеу» деген жауап көбірек кездеседі (3,6 %).

ҚР гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясында жетінші мақсат былай деп атап көрсетілген: «Отбасында гендерлік теңдікке қол жеткізу; отбасын нығайту мен отбасындағы тәрбие рөлін жоғарлату». Бірақ ресми дискурс басты проблемалар қатарына ата-ананың бірі (оның көбі ана болып келеді) мен балалардан ғана тұратын толық емес отбасыларын; отбасынан тысқары тұратын адамдардың жоғары үлесін; отбасындағы бала тәрбиесіне деген әке ықпалының төмендігін; ажырасудың көптігін; отбасы мәртебесінің түсуін; отбасылық өмірдегі жанжалдардың көбеюін; отбасындағы қақтығыстар мен әйелге қатысты зорлық деректерін жатқызады. Ал қоғамдық дискурс үшін әйелдің үй шаруасы мен мамандық қызметін үйлестіре білуі, бала бақыты, әйел үшін декреттік демалысқа шығу мен экономикалық тәуелсіздік мүмкіншілігі, «қалыңдық ұрлау» салты, өмірлік серік таңдаудағы ата-ана ықпалы секілді мәселелер маңызды болып отыр.

Блок Е. БАҚ

Е.36. Сіздің ойыңызша қазақстандық БАҚ (радио, газеттер, телевизия) ер мен әйел бейнесін қалыптастыруға қатыса ма?



Сауалнамаға қатысушылардың 32,8 % қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары ер мен әйелдің бейнесін қалыптастыруға кейде ғана ат салысады деп ойлайды. 28,7 % БАҚ ықпалы бар деген пікірді қолдайды. Сөйте тұра ешқандай ықпалы жоқ деп ойлайтындар (21,7 %) мен бұл мәселе туралы ойланбағандардың (16,8 %) қосындысы аталмыш сұраққа «Иә» деп жауап берушілердің үлесінен көп. Ерлердің 37,6 % қазақстандық БАҚ ерлер мен әйелдердің бейнесін қалыптастыруға кейде әсер етеді деген пікірді білдірсе, әйелдердің 32,4 % БАҚ ерлер мен әйелдердің қалай болуға тиіс екендіктеріне міндетті түрді әсер етеді деп ойлайды. 18 - 30 жас аралығындағы респонденттердің көпшілігі (30,8 %) қазақстандық БАҚ кейде гендерлік бейнелерді қалыптастырады деген пікірде. Ер мен әйелдің бейнесін сомдауға БАҚ-тың әсер ететіндігіне ең көп сенетін топ – 46 - 59 жас аралығындағы респонденттер болса (31,1 %), ең аз сенетін топ – 60 және одан жоғары жастағы респонденттер (19,3 %). Қазақстандық БАҚ ер мен әйелдің бейнесін қалыптастырады дегенге орта және арнайы орта білімділердің 66,8 % сенімді болса, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі барлардың тек 32,1 % ғана сенеді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттердің басым бөлігі (33,6 %) олардың әсері тек кейде ғана тиіс деген пікірді қолдайды. Қала тұрғындарының 33,3 % және ауыл тұрғындарының 31,3 % БАҚ ерлер мен әйелдердің бейнесіне кейде ғана әсерін тигізеді



деген пікірде. БАҚ әсеріне ауылдықтарға (25,6 %) қарағанда қалалықтар (29,2 %) көбірек сенеді.

Е.37. Сіз қазақстандық БАҚ ер мен әйел бейнесін қалыптастыруға тигізетін ықпалын қалай бағалайсыз?

Сауалнамаға қатысушылардың 30,8 % бұл мәселе туралы мүлде ойланбағандықтан БАҚ-тың ерлер мен әйелдердің бейнесін сомдаудағы ықпалын бағалай алмады. 24,5 % БАҚ ерлер мен әйелдерді таптаурын күйде көрсететіндіктен олардың ықпалын жағымсыз деп бағалайды. Бұл сауалға респонденттердің 22 % жауап бере алмағандығы олардың өзіндік пікірінің жоқтығын немесе аталмыш сауал мен оның жауап нұсқаларын түсінудің қиынға соққандығын білдіреді деген ойдамыз. Гендерлік нұсқауларды қалыптастыру үдерісіне тигізетін БАҚ әсерінің маңыздылығына қатысты ресми дискурс пен қоғамдық дискурстың ойлары бұл сұрақ бойынша да ұштаспады. Гендерлік теңдік стратегиясында сегізінші мақсат былай деп атап көрсетілген: «Ерлер мен әйелдердің әлеуметтік теңдігіне қол жеткізу мәселелерінде мемлекеттік органдар мен БАҚ ортасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету; әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою жөніндегі БҰҰ конвенциясының қағидаларын жүзеге асыру мәселелерін БАҚ-та кеңінен жариялау; Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту шараларының ұлттық жоспары; адам құқықтарына қатысты халықаралық құжаттар; гендерлік теңдікті насихаттауда БАҚ қолдауын қамтамасыз ету; БАҚ-тың гендерлік сезімталдығын өсіру шараларын қабылдау арқылы «гендерлік тұрғыдан сезімтал қоғамдық сананы дамыту». Ал қоғамдық пікір БАҚ-тың гендерлік нұсқаулар мен таптаурындардың қалыптасу үдерісіне ықпал ететіндігіне сенімді емес. Оның аталмыш проблемаға сараптама жасамағаны анық және онда халық арасындағы гендерлік таптаурындардың қалыптасуына БАҚ-тың тигізетін әсеріне қатысты айқын нұсқаулықтар жоқ.

Блок F. Гендерлік білім

F.38. Сіздің ойыңызша қазақстандықтарға ерлер мен әйелдерге қатысты таптаурындарды жоюға көмектесетін білім берілуі керек пе?

Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (44,3 %) қазақстандықтарға гендерлік бағыттағы білім қажет деген пікірді қолдайды. Тек 12,7 % қазақстандықтарға ондай білім қажет жоқ деген ойда. Айта кетерлік бір жайт, респонденттердің басым бөлігі (43 %) бұл сұраққа жауап бере алмады. Әйелдердің көбі (48,9 %) қазақстандықтар гендерлік білім алу керек деген ойда, ерлердің 36,7 % бұл ойды бөліседі. Сөйте тұра әйелдермен салыстырғанда ерлердің көп бөлігі (22,9 % 6,9 %-ға қарсы) гендерлік білім берудің қажеті жоқ деп біледі. Аталмыш сұраққа жауап бере алмағандардың үлесі жоғары. 31 - 45 жас аралығындағылардың басым бөлігі (50,2 %) қазақстандықтарға гендерлік бағыттағы білім керек деп санаса, 18 - 30 жас аралығындағы топ өкілдері 46,9 % бұл сұрақтың жауабын білмейді. 60 және одан жоғары егде жас тобының өкілдері ондай білімнің қажеті жоқ екендігіне басқалармен салыстырғанда көбірек сенімді (23,7 %).

Сауалнамаға қатысқан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі барлардың көпшілігі (47,1 %) қазақстандықтар ерлер мен әйелдер туралы стереотиптерді жоюға көмектесетін білімді үйренулері қажет деп санайды. Орта және арнайы орта білімді респонденттердің 45,2 % бұл сұраққа жауап бере алмады. Сауалнамаға қатысқан өзге ұлт өкілдері (49,7 %) мен орыстардың басым бөлігі (45,6%) қазақстандықтарға ондай білім міндетті түрде қажет деген пікірді қолдайды. Қазақ ұлты өкілдерінің 45,7 % қазақстандықтарға гендерлік білімнің қажеті бар, ма жоқ па дегенді дөп басып айта алмады. Ауыл тұрғындардың көбісі (53,6 %) аталмыш сұраққа жауап бере алмады. Ал қалалық тұрғындардың көбісі (45,8 %) гендерлік бағыттағы білімнің қажет екендігіне сенімді.



F.39. Сізге мектепте, колледжде, жоғары оқу орнында гендерлік білім (ер мен әйелдің жағдайын зерттеуге бағытталған арнайы пәндер, курстар) берілді ме?

Сауалнамаға қатысушылардың 56 % гендерлік білім алмаған. Тек 15 % «Иә» деген жауапты атап көрсетті. 29 % гендерлік бағыттағы пәндерді оқыған, оқымағанын естеріне түсіре алмады. Гендерлік бағыттағы білімнен ең хабардар топ – Павлодар (23,6 %) және Алматы (23,4 %) қалаларының тұрғындары. Ал ең бейхабары Шымкент қаласының тұрғындары болып шықты (76 %). Гендерлік курс өткен, өтпегенін ұмытып қалғандардың ең жоғары үлесі Астана қаласында (44 %). Әйелдердің де (58,6 %), ерлердің де (51,6 %) көп бөлігі мектепте де, колледжде де, жоғары оқу орнында да гендерлік бағыттағы курстар өтпегенін алға тартты. Жауаптарды жас мөлшеріне қатысты саралау барысында да респонденттердің басым бөлігінің оқу ордаларында гендерлік бағыттағы курстарды өтпегеніне көз жеткіздік. Орта және арнайы орта білімі бар респонденттердің 57,2 %, ал жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттердің 55,3 % ондай курстар өтпеген. Өзге ұлт өкілдерінің 58,5 %, қазақтардың 57,7 %, орыстардың 51,4 %, сонымен қатар ауыл тұрғындарының 60,2 % және қала тұрғындарының 54,6 % гендерлік бағыттағы курстар болмаған. Сауалнамаға қатысқандардың үлкен бөлігі (ауылдықтар 30,4 %, қалалықтар 29,2 %) оқу ордаларында ондай курстарды оқыған, оқымағандарын ұмытып қалған.

F.40. Сіз ондай білімді қандай пәннің аясында алдыңыз?


Сауалнамаға қатысушылардың 84,8 % гендерлік теорияны қандай пәннің немесе курстың аясында оқығандарын айта алмады. Бұл дерек бізге алдыңғы сұрақ нәтижелерінің дәлеліндей болды. Гендерлік білім алғаны есінде қалған респонденттердің көбі социология (4,9 %) мен психологияны (4,5 %) атап көрсетті. Гендерлік білім саясаттану пәнінің аясында ең аз қарастырылған екен (2,6 %). Гендерлік білімді

жоғары білімді респонденттердің 5,7 % психология, 5,3 % социология, орта және арнайы орта білімді респонденттердің 4,1 % социология пәнінің аясында алған. Этникалық деңгейде алғанда респонденттердің басым бөлігі аталмыш сұраққа жауап бере алмады (87,1 %, 86,4 %, 79,3 %). Сондай-ақ қала тұрғындарының да (82,8 %), ауыл тұрғындарының да (91,6 %) көпшілігі бұл сұраққа жауап бермеді.

ҚР гендерлік теңдік стратегиясында гендерлік білімге оқытудың қажеттілігі атап көрсетілген. Онда тіпті БАҚ-тың гендерлік сезімталдығын өсіру шараларын қабылдаудың қажеттілігі де айтылған. Бірақ іс жүзінде қазақстандықтардың басым көпшілігі гендерлік білімге қол жеткізе алмайды, ол Қазақстанның ЖОО-да, колледждерінде, мектептерінде пән немесе курс, тіпті тақырыптық лекция түрінде де оқытылмайды. Гендерлік білімнің жоқтығының салдары ретінде «гендерлік линзалардың» қалыптаспағандығын көреміз. Бар болса, адам ондай көздірік арқылы шектеулерді, мұқтаждықтарды, ерлер мен әйелдердің құқықтарын көре алған болар еді.

Блок G. Денсаулық

G.41. Сіздің ойыңызша кім жиірек науқастанады – ер адам ба, әлде әйел ме?



Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (42,8 %) ерлер мен әйелдер тең шамада жиі ауыратынын айтады. Сөйте тұра 27,8 % ерлерге қарағанда әйелдердің жиірек ауыратынын айтса, 12,8 % әйелдерге қарағанда ерлердің ауруға бейімдірек келетінін айтты.



Жауаптарды респонденттердің тұрғылықты өңіріне қарай саралау барысында қарағандылықтардың 67,5 %, павлодарлықтардың 48,5 %, оралдықтардың 46,2 % ерлер мен әйелдер тең дәрежеде жиі ауырады деп санайтындарын білдік. Ерлер жиірек ауырады деп ойлайтындардың көбі – Павлодар (20,6 %) және Алматы (20,6 %) қалаларының тұрғындары. Әйелдердің 46,1 %, ерлердің 37,4 % екеуі бірдей дәрежеде ауырады деген пікірді қолдайды. Әйелдер өздерінің ерлерге қарағанда көбірек науқастанатындықтарына (32,2 %), ал ерлер әйелдерге қарағанда көбірек науқастанатындықтарына (13,6 %) сенімді. Сонымен қатар ерлер қауымының айтарлықтай бөлігінің бұл мәселе туралы ойланып көрмегенін айта кету керек (28,7 %). Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттер (42,2 %) мен орта және арнайы орта білімі бар респонденттер (43,9 %) ерлер мен әйелдер тең шамада біркелкі сырқаттанады деген пікірлерін білдірді. Жоғары білімі бар ерлер қауымы да ер адамдар әйелдерге қарағанда көбірек сырқаттанады деген пікірде (14,2 %). 17,7 % орта және арнайы орта білімі бар, 15,9 % жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттер бұл мәселе туралы ойланбағандықтан сұраққа қалай жауап беруді білмеді. Жауаптарды тұрғылықты жерлеріне қарай саралау қалалықтардың да (40,6 %), ауылдықтардың да (50,6 %) ер мен әйелдің бірдей деңгейде сырқаттанатындығына сенімді екенін көрсетті. Ауылдық әйелдер де, қалалық әйелдер де өздерінің ерлер қауымына қарағанда жиі ауыратынын (35,2 % / 25,3 % 7,2% / 14,4 %-ға қарсы) тілге тиек етеді. Бұл мәселе туралы ойланбағандардың көпшілігі – қалада тұратындар (19,7 %).

G.42. Әйелдердің науқасқа шалдығуы сиреу үшін қандай шаралар қолданар едіңіз?



жауап бере алмады
64,1 %



салауатты өмір салтын ұстану керек
16,2 %



тегін медициналық тексеру
12,8 %



Еңбек кодексінің ережелерін сақтау
4,4 %



ішімдік, темекі сатуға тыйым салу
2 %

Әйелдердің неғұрлым сирек ауруы үшін қандай шаралар қолдануға болатындығы туралы сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 64,1 % ешқандай түсініктеме бере алмады. 16,2 % әйелдердің салауатты өмір салтын ұстануы қажет екендігін айтса, 12,8 % тегін медициналық тексеру мен жылына бір рет міндетті профилактикалық тексеру шараларын енгізуді ұсынды. 4,4 % әйелдердің сирек ауруына Еңбек кодексінің ережелерін сақтау оң әсерін тигізеді деген пікірде. Ал 2% ішімдік пен темекі өнімдерін сатуға тыйым салынса, әйелдердің сырқатқа ұшырау деңгейі төмендер еді деп біледі.

Аталмыш сұраққа берілген жауаптарды респонденттердің тұрғылықты өңіріне қарай саралау олардың көпшілігі әйелдердің аз сырқаттануы үшін қандай шаралар ұсынуға болатынын білмейтінін көрсетті. Сауалнама нәтижелерін респонденттердің жынысына қарай саралап қарастыру ерлердің 72,4 %, әйелдердің 59,1 % бұл сұрақтың жауабы туралы ойланбағанын көрсетті. Сауалнама нәтижелері барлық жастағы респонденттердің 60 % үшін бұл



сұраққа жауап беру қиынға соққанын көрсетті. Ал 40 % салауатты өмір салтын ұстану, спортпен айналысу, «жағымсыз» әдеттерден арылу, шипажайларда емделу, тегін медициналық қызмет секілді шараларды ұйымдастыру әйелдердің денсаулығын сақтауға және жақсартуға оң ықпалын тигізеді деп санайды. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар (61,7 %) және орта және арнайы орта білімі бар респонденттер (67,9 %) аталмыш сауалға түсініктеме бермеді. Этникалық тұрғыдан алғанда қазақтардың 66 %, өзге ұлт өкілдерінің 67,3 %, орыстардың 56,9 % бұл сұраққа жауап бермеген. Жауаптарды респонденттердің тұрғылықты жері бойынша саралау ауылдықтардың 68,4 %, қалалықтардың 62,8 % бұл сұраққа жауап бере алмағандығын көрсетті.

G.43. Ерлердің науқасқа шалдығуы сиреу үшін қандай шаралар қолданар едіңіз



жауап бере алмады
65,8 %



салауатты өмір салтын ұстану
14,5 %



тегін медициналық тексеру
11 %



Еңбек кодексінің ережелерін сақтау
2,4 %

Ерлердің неғұрлым сирек ауруы үшін қандай шаралар қолдануға болатындығы туралы сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 65,8 % жауап бере

алмады. 14,5 % ерлердің салауатты өмір салтын ұстануы қажет екендігін айтса, 11 % тегін медициналық тексеру мен жыл сайынғы міндетті профилактикалық тексеру шараларын енгізуді ұсынды. 2,4 % ерлердің сирек ауруына еңбек заңдылықтарының ережелерін сақтау оң әсерін тигізеді деген пікірде. Сауалнамаға қатысқандардың пікірлерін аймақтар деңгейінде саралау Семей (82 %), Шымкент (82 %), Қарағанды (63 %), Павлодар (61,8 %), Астана (60,9 %), Алматы (54,5 %) және Орал (53,3 %) қалаларынан қатысқан респонденттердің басым көпшілігі ешқандай ұсыныс жасай алмағанын көрсетті. Сауалнама нәтижелерін респонденттердің жынысына қарай саралап қарастыру ерлердің 74,1 %, әйелдердің 60,9 % қойылған сауалға ешқандай түсініктеме бермегенін көрсетті. Пікірлерді жас мөлшері бойынша саралау барлық жастағы респонденттердің 63 % үшін бұл сұраққа жауап беру оңайға соқпағанын білдіреді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар (63,9 %) және орта және арнайы орта білімі бар респонденттер (68,8 %) аталмыш сауалға түсініктеме бермеді. Қазақ ұлты өкілдерінің басым көпшілігі (68 %), өзге ұлт өкілдерінің 67,3 %, орыс ұлты өкілдерінің 58,4 % бұл сұраққа ешқандай түсініктеме бермеген. Ауылдықтарға (8 %) қарағанда қалалықтар (12,6 %) ер адамдар арасындағы сырқатқа ұшырау қаупін азайтуға жыл сайынғы тегін кәсіби медициналық тексерулер мүмкіншілік береді дегенге көбірек сенеді. Ал салауатты өмір салтын ұстанудың ерлер денсаулығын сақтауға көмектесетіндігіне ауылдық тұрғындар көбірек сенеді (15,7 %). Сауалнамаға қатысқандардың пікірлері арасындағы айырмашылықтың аздығы сондай, бұдан қазақстандықтар денсаулық мәселесін талқыламайды әрі оған қатты көңіл бөлмейді деген болжам жасауға болады.


Гендерлік теңдік стратегиясында ерлер мен әйелдердің денсаулығына репродуктивтік тұрғыдан назар аударылғанын айта кету қажет. Бұл жайт бізге қазақстандық ерлер мен әйелдерге қатысты мемлекеттің мүддесі оларға өзінің азаматтарын тудырушы ретінде қарайтын есепшіл сипатта деген болжам жасауға ерік береді. Ал денсаулық проблемасы тек репродукцияға ғана



емес, сонымен қатар кәсіби ауруларға шалдығуға, өмір сүру уақытының мөлшеріне, өмір сүру сапасына және т.б. да қатысты.

Блок Н. Зорлық-зомбылық

Н.44. Сіздің ойыңызша кім жиірек зорлық-зомбылықтың құрбаны болады?



Сауалнамаға қатысушылар зорлық-зомбылықтың басты құрбандары әдетте әйелдер мен олардың балалары деген пікірде. Респонденттердің 13,3 % зорлық-зомбылық көбінесе тек балаларға көрсетіледі деп ойлайды. Ерлердің зорлыққа ұшырау мүмкіндігі қазірге дейін жоққа шығарылады, тек 2,8 % ондай жағдай ер адамдардың да басында бар екенін алға тартады. Аймақтар бойынша көзқарастар арасында аздаған айырмашылықтар бар. Мәселен, Орал (66 %) және Павлодар (49,7 %) қалалары көбінесе әйелдер зорлықтың құрбаны болады десе, басқа қалалардан қатысушылар әйелдермен қоса олардың балалары да зардап шегеді деген пікірде. Басқа өңірлерге қарағанда Семей қаласынан қатысқан респонденттер зорлық-зомбылыққа ерлер де ұшырайды деген ойда (10,8 %). Сауалнамаға қатысқан әйелдердің көбісі зорлық-зомбылыққа әйелдер көп ұшырайды десе (45,6 %), ерлер қауымы әйелдер мен олардың балалары бірдей деңгейде ұшырайды деп біледі (49,5 %). 18 - 30 жас аралығындағы респонденттердің 5,2 %, 60 және одан жоғары жастағы респонденттердің 3,7 % ерлерде де зорлық көру проблемасы бар деп бағалады.

Жауап берушілердің білім деңгейіне қатысты пікір айырмашылығы көп емес. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар респонденттер (45,6 %) көп жағдайда әйелдер зорлық құрбандары болады десе, орта және арнайы орта білімі бар респонденттер әйелдермен қатар балалары да (47,8 %) зорлықтан көп зардап шегеді деген пікірді қолдайды. Сауалнама нәтижесі ауыл тұрғындарының 49,7 %, қала тұрғындарының 39,9 % көп жағдайда әйелдер зорлықтың құрбаны болады деп санайтынын көрсетті. Әйтсе де ауылдықтардың 3,3 %, қалалықтардың 2,6 % пікірінше ер адамдар жиі зорлық құрбандарына айналады.

Н.45. Сіздің ойыңызша зорлық-зомбылықтың қандай түрлері кең тараған?






Жауап берушілердің көпшілігінің ойынша зорлық-зомбылықтың кең тараған түрлері денелей (66,5 %), психологиялық (57,7 %) және сексуалдық жәбірлеу (45,9 %) болып табылады. Тек 19,8 % экономикалық жәбірлеуді атап көрсетті. Аймақтар бойынша пікірлер арасында біршама айырмашылықтар бар. Мәселен, Астана және Орал тұрғындарының басым бөлігі зорлықтың кең тараған түрі ретінде психологиялық форманы, ал Қарағанды, Алматы, Павлодар, Шымкент, Семей қалалары денелей және сексуалдық жәбірлеуді атап көрсетті. Астана, Шымкент, Семей тұрғындарының 23 % астамы экономикалық зорлық-зомбылықтың да белең алып бара жатқанын айтады.

Сауалнама нәтижелерін респонденттердің жынысына қарай саралау пікірлер арасында көп айырмашылықтың жоқ екендігін көрсетті. Ерлер де, әйелдер де зорлық-зомбылықтың кең тараған түрлері денелей, психологиялық және сексуалдық жәбірлеу екендігін алға тартады. Жауаптарды жас мөлшеріне қарай саралағанда респонденттердің көпшілігі жасына қарамай-ақ денелей, психологиялық және сексуалдық зорлық-зомбылықты атап көрсетті. Респонденттердің білім деңгейіне қарасақ жоғары білімділердің басым бөлігі денелей және психологиялық зорлық көп деген пікірде. Ал орта және арнайы орта білімі барлар психологиялық және сексуалдық зорлыққа қарағанда бірінші орынға денелей жәбірлеуді қояды. Зерттеу нәтижелері бойынша қазақ, орыс және өзге ұлт өкілдерінің басым бөлігі денелей және психологиялық сипаттағы зорлықтың көп екендігін айтады.

Ауыл тұрғындарының ойынша денелей және сексуалдық зорлық кеңінен тараған. Ал қалалықтар денелей жәбірлеумен қатар психологиялық жәбірлеудің де көп тарағанын тілге тиек етеді.

Н.46. Сіздің ойыңызша педофилия зорлық түріне жата ма?



Зерттеу барысында алынған жауаптарға қарағанда сауалнамаға қатысушылардың 80,1 % педофилдікті зорлықтың бір түріне жатқызады. Ал 12,6 % бұл мәселе туралы ешқашан ойланбаған, 4,4 % педофилдікті ауру деп танып, зорлықтың түріне жатқызуға күмәнданса, 2,7 % зорлықтың түрі емес деген пікірде. Жауаптарды респонденттердің тұрғылықты жерлері бойынша саралау қалалықтардың да (82,1 %), ауылдықтардың да (73,2 %) басым бөлігі педофилдікті зорлықтың бір түрі деп білетінін көрсетеді. Ауыл тұрғындарының 20,8 % ол мәселе туралы мүлде ойланбағандарын жеткізді.

Н.47. Сіз елдегі педофилия құбылысының өсуін немен байланыстырасыз?

Зерттеу нәтижелері респонденттердің 35,2 % елімізде педофилия құбылысының көбеюін психикасы бұзылған, моральдық қасиеттері төмен адамдар санының өсуімен байланыстыратынын көрсетті. Сауалнамаға қатысушылардың қалған 43,8 % педофилия құбылысының кеңінен таралуына сонымен қатар балаларды қорғау мәселесі бойынша заңнамалардың тиімсіздігі мен ата-ананың бала тәрбиесіне қатысты жауапкершілігінің аздығы әсер етеді деген ойда. Респонденттердің 9,7 % педофилия құбылысының БАҚ-та тым көп айтылып, жарнамалауынан деп білсе, 8,8 % оны батыс мәдениетінің әсерінен көреді.



Н.48. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде 15-19 жастағы қыздар арасындағы жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауы бойынша жоғары орында. Сіздің ойыңызша мұның себебі зорлық-зомбылықтың кең таралуында деп санауға бола ма?

Сауалнамаға қатысушылардың 35 % жасөспірім қыздар арасында өзіне-өзі қол салудың белең алуының себебі зорлық-зомбылық болып табылады деген пікірмен келіседі. 34 % бұл сұрақтың жауабын білмейтінін айтты. Бұл жайт респонденттер сауалдың мәнін түсінбеді, сондықтан келешекте сауалнама әдістеріне өзгертулер енгізу қажет деген ойға жетелейді. Алынған жауаптар бойынша сауалнамаға қатысқан ерлердің 43,6 % жасөспірімдер суицидін зорлық-зомбылықтың таралуымен байланыстырудың қажеті жоқ деп біледі. Ал сауалнамаға қатысқан әйелдердің 38,4 % зорлық-зомбылықтың таралуы жасөспірімдер арасындағы суицид құбылысының өсуіне тікелей қатысты екендігіне сенімді.

Сауалнама нәтижелері бойынша жас мөлшеріне қатысты пікір айырмашылықтары байқалмады. Респонденттердің білім деңгейі де олардың бұл сұраққа берген жауаптарына әсер еткен жоқ. Этникалық деңгейде де, тұрғылықты жер бойынша да бұл сұраққа берілген жауаптардан айта қоярлықтай пікір айырмашылықтарын көрмедік.

Н.49. Сіздің ойыңызша зорлық-зомбылықтың қандай салдары болуы мүмкін?

Респонденттердің 29 % зорлық-зомбылық адамға көбінесе психологиялық зақым әкеледі деген пікірді қолдаса, 22 % жиі кездесетін салдардың бірі – адамдардың өзіне-өзі қол салуының өсуі деп санайды. 18% моральдық зақымды, 13 % отбасының бұзылуын, 5 % экономикалық залалды атап көрсетті. Жауаптарды аймақтар деңгейінде саралағанда Астана, Алматы, Павлодар, Орал,

Шымкент, Қарағанды тұрғындарының басым бөлігі зорлық-зомбылықтың басты салдары ретінде психологиялық зақым мен зорлық құрбандарының арасында өзіне-өзі қол салу өседі деген пікірді білдірді. Жауаптарды жыныстық белгілер бойынша саралау бұл сұрақ бойынша пікірлерде айта қоярлықтай айырмашылықтың жоқ екендігін көрсетті. Тек ер адамдардың 19 % зорлық-зомбылықтың салдарынан экономикалық зиян туындайтындығын тілге тиек етті. Жас мөлшеріне қарай респонденттердің көпшілігі бастан кешкен зорлық-зомбылық оның құрбандарының психологиялық зақымға ұшырауына, өз-өзіне қол салуының артуына және моральдық зақымға әкеліп соғады деген ойды қолдайды. Жоғары білімді респонденттер де, орта және арнайы орта білімді респонденттер де зорлық көрудің ең жағымсыз салдары ретінде психологиялық зақымды, жәбірленушілер арасында өзін-өзі өлтірушілер санының өсуін және моральдық зақымды атап көрсетті.


Н.50. Сіздің ойыңызша зорлық-зомбылықпен кім және қалай күресуі керек?

Сауалнамаға қатысушылардың 39 % зорлық-зомбылықпен мемлекет, 28 % полиция, 22 % азаматтық қоғам күресуге тиіс десе, 11 % бұл проблеманы адамның өзі шешуі керек деп санайды. Берілген жауаптарды тұрғылықты аймақтар бойынша қарастырғанда сауалнамаға қатысқан жандардың көпшілігінің ең алдымен мемлекетке, екіншіде полицияға, үшіншіде азаматтық қоғамға үміт артатындығын көрдік. Ерлер (79 %) мен әйелдердің көбі (76,6 %) зорлық-зомбылықпен мемлекет күресуге тиіс деген пікірде болса, 57,7 % әйелдер, 52,1 % ерлер бұл іспен полиция айналысуға тиіс деп санайды. Барлық жас өкілдері бұл проблемада мемлекет пен полицияның көмегіне үміт артады. Жоғары білімділер де, орта және арнайы орта білімділер де «мемлекет» - 78,5 % және 76 %; «полиция» - 57,5 % және 54,4 % деген жауап нұсқаларын таңдады. Этникалық деңгейде жауаптардың бөлісі тура алдыңғы белгі бойынша жағдайға ұқсас



болды. Қала тұрғындары да, ауыл тұрғындары да (78,1 %, 75,3 %) зорлық-зомбылықпен күресте мемлекетті жауапты деп біледі. Ауылдықтардың 57,2 %, қалалықтардың 55,1 % полицияны атап көрсетті.

Н.51. Сіз зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудағы полиция жұмысын тиімді деп санайсыз ба?



Зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау жолындағы полиция жұмысының тиімді екендігіне сауалнамаға қатысушылардың 36 % сенімсіз болса, 26 % бұл мәселе жөнінде ойланбаған, 22 % полиция тарапынан дұрыс жұмыстар жүргізілмейді, 16 % полиция жұмысы нәтижелі деген пікірде. Ерлердің де (31,8 %), әйелдердің де (39,1 %) көпшілігі жәбірленушілерді қорғаудағы полицияның нәтижелі қызметіне сенбейді. Ерлердің 36,9 % бұл мәселе жөнінде ойланбаған. 60 және одан жоғары жастағылардың 39,3 %, 31 - 45 жастағылардың 39,5 %, 46 - 59 жастағылардың 36,6 %, 18 - 30 жастағылардың 32,9 % жәбірленушілерді қорғаудағы полиция қызметінің тиімді екендігіне сенімді емес. Орта білімді информанттардың 38,7 %, жоғары білімді информанттардың 34,9 % да полицияның зорлық көрушілерді қорғау жұмысын нәтижелі деп санамайды. Этникалық деңгейде алып қарағанда жауаптар бөлісінен алдыңғы белгілерге ұқсас суретті көреміз. Ауыл тұрғындарының 41,6 %, қала тұрғындарының 34,8 % жәбірленушілерді қорғаудағы полиция қызметінің тиімді екендігіне сенбейді. 26,1 % қалалықтар, 21,7 % ауылдықтар бұл мәселе туралы ойланбаған.

Гендерлік теңдік стратегиясында зорлық-зомбылық проблемасы бойынша ерлер мен балалар туралы ештеңе айтылмай, тек әйелдерге қатысты тұрмыстық жәбірлеу ғана атап көрсетілген. Бұл жайт қазақстандық ресми дискурс гендерлік саясат тек бір ғана субъектіге – әйелге қатысты жүзеге асуға тиіс деп санайды және сондықтан да оны гендерлік емес, «әйелдік» саясат деп қарауға болады деген болжам жасауға ерік береді.

Блок J. Болжамдар

J.52. Сіздің ойыңызша Қазақстанда ерлер мен әйелдер көбірек тең құқылы болуы үшін қандай шаралар қолданылуы керек?

Өкінішке қарай сауалнамаға қатысушылардың 76,1 % Қазақстанда ерлер мен әйелдердің жағдайын жақсартуға қатысты өзіндік ұсыныстар жасай алмады. Информанттардың көпшілігі бұл сұраққа жауап бермеді. Тек алматылық тұрғындардың 25,4 % барлық қоғамдық салаларда ерлер мен әйелдерге тұлғалық мүмкіншіліктерін жүзеге асыру үшін тең дәрежедегі әлеуметтік шарттар жасаудың қажеттігін айтты. Мұндай пікірді астаналықтардың 17,8 %, оралдықтардың 19,8 % және павлодарлықтардың 10,3 % қолдайды. Ерлер де (82,1 %), әйелдер де (72,5 %) Қазақстанда ер мен әйелдің тең құқылы болуы үшін қандай шаралар қолдану қажеттігі туралы ештеңе айтпады. Егде жастағы адамдар тобының 87,4 %, 18 - 30 жас аралығындағы топтың 80,5 %, 31 - 45 жас аралығындағы топтың 74,3 %, 46 - 59 жас аралығындағы топтың 15,9 % аталмыш сауалға жауаптың өзіндік нұсқасын атай алмады. Жоғары білімді информанттар да, орта білімді информанттар да бұл сұраққа жауап бере алмады. Орыс ұлты өкілдерінің 78,9 %, қазақ ұлтының 76,2 %, өзге ұлт өкілдерінің 68,7 % бұл сауалға жауап берген жоқ. Қалалықтардың 79,1 %, ауылдықтардың 66,3 % бұл сұраққа жауап беру барысында өз көзқарасын білдірген жоқ.



J.53. Сіздің ойыңызша ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын жүзеге асырудағы жауапкершілік кімде?

Респонденттердің 77,5 % Қазақстанда ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын жүзеге асыру мемлекеттің; 49,7 % азаматтардың өздерінің; 25,6 % бұқаралық ақпарат құралдарының; 18,4 % үкіметтік емес ұйымдардың; 11 % ерлердің; 8,9 % әйелдердің міндеті деп санайды. Ерлердің де (78,8 %), әйелдердің де (76,7 %) басым бөлігі гендерлік құқықтардың сақталуы мемлекеттің жауапкершілігінде деген ойда. 31 - 45 жас аралығындағылардың 79 %, басқа барлық жастағы топтардың 76,7 % осы пікірді қолдайды. Жас мөлшері бойынша информанттар гендерлік құқықтардың сақталуы үшін жауапкершілікті ең аз деңгейде әйелге жүктейді. Білім деңгейі бойынша сауалнама нәтижелері жоғары білімді информанттардың 76,4 %, орта білімді информанттардың 79,2 % мемлекетті жауапты санайтындығын көрсетті. Барлық этникалық топтардың өкілдері (80,1 %, 79,6 %, 76,2 %) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын мемлекет қана қамтамасыз ете алады деп біледі. Ауыл тұрғындарының 84,6 %, қала тұрғындарының 75,4 % ондай тең құқықтардың жүзеге асуына қатысты жауапкершілікті мемлекетке артады. Тек 7,5 % ауылдықтар, 9,3 % қалалықтар ондай жауапкершілік әйелдердің мойнында деп есептейді.

Жалпы тұжырым

Қазіргі Қазақстандағы ерлер мен әйелдерге қатысты саясатты сараптау мәселесіне арналған социологиялық сауалнама нәтижелері бізге бірнеше жалпылама тұжырымдар жасап, бірқатар ұсыныстарды атап көрсетуге ерік береді.

- Қазақстанда гендерлік теңсіздік бар-жоқтығына қатысты сұрақ бойынша информанттардың көпшілігі оның жоқ екендігін айтты. Бұл жайт бізге сауалнамаға қатысқан адамдардың гендерлік теңсіздіктің не екені, оның өлшемдері қандай, ол қалай көрініс табады деген мәселе жөнінде білімдері саяз деген болжам жасауға ерік береді. Ер адамдардың көпшілігі тіпті бұл проблеманы әйелдер ойлап тапқан деген ойда. Әйелдердің жауаптарын саралау олардың жасырын, бүркемелі теңсіздіктің бар екендігін көбірек байқайтындықтарын көрсетеді. Қазақстандық қоғамда гендерлік теңсіздік бар деп санайтындардың басым бөлігі үй шаруасы, бала қарау және егде жастағы туыстарды бағып-қағуды атап көрсетті. Бұл қазақстандық еркектердің үй шаруашылығы мен қамқорлық көрсету ісіне сирек араласатындығы туралы жалпы пікірдің шындық екенінің дәлелі.
- Гендерлік теңсіздік жоқ деп санайтындардан оның себептерін анықтау барысында сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігінің «Бұл менің жеке пікірім» деген жауап нұсқасын таңдағаны анықталды. Бұдан сол информант гендерлік кемсітушілікті басынан кешпеген немесе аталмыш проблемаға ой жүгіртпеген деген болжам жасауға болады. Информанттардың айтарлықтай бір бөлігі «Мұндай жағдай – біздің қоғамымызда тарихи түрде қалыптасқан салт-дәстүрлеріміз» деген пікірде. Бұл қалыптасқан жосын солай болғандықтан оған қарсы ештеңе істеу мүмкін емес деген ойды білдіреді.
- Респонденттердің гендерлік саясатқа қатысты білімдерінің нәтижелері гендерлік саясатты білетіндер мен білмейтіндердің үлесі тең



- деңгейде деген тұжырым жасауға ерік береді. Айта кетерлік қызықты бір дерек – бұл мәселе жөнінде қалалықтармен салыстырғанда ауыл тұрғындарының көбірек хабардар екендігі.
- Гендерлік саясат туралы ақпарат таратушы дәстүрлі түрде алдымен БАҚ (47,2 %), содан кейін ғана ғаламтор (20,2 %) болып табылады. Сауалнамаға қатысушылардың бар болғаны 9,1 % ғана гендерлік саясат туралы білімді білім жүйесінің арқасында алғаны – өкінішті жайт.
 - Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі Қазақстан Республикасы азаматтарының гендерлік құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттарды білмейді. Тек 6,8 % информант «ҚР 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясының» мазмұнын білетінін айтты.
 - Ерлер мен әйелдерге ортақ проблемалар ретінде жұмыссыздық, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің жоғарылығы атап көрсетілді. Ең көп таралған ерлер проблемаларына респонденттер жоғары деңгейдегі өлім-жітімді, жүрек-қан тамырлары ауруларының көптігін және жұмыссыздықты жатқызады.
 - Әйелдердің басты проблемалары ретінде аталғандар: ерте жүктілік, ақы төленбейтін үй еңбегі, жұмыс орнындағы және үйдегі екі есе жүктеме. Тұрмыстық зорлық проблемасы тек төртінші орынға қойылды.
 - Информанттар әлеуметтік тұрғыдан осал әйелдер санатын қарастыра келе, бірінші орынға мүгедектерді, екінші орынға жұмыссыздарды, үшінші орынға мүгедек балалары бар әйелдерді жатқызды. Айта кетерлік қызықты бір дерек – әлеуметтік тұрғыдан осал әйелдер санаты ретінде жауап түрінде ұсынылған басқа нұсқаларды респонденттердің таңдамағандығы. Бұл жайт аталмыш әлеуметтік санат адаптациясына қатысты тәжірибе мен стратегия Қазақстанда толығымен жабық, аз зерттелген және оған қол жеткізу мүмкін емес деген ойға жетелейді.
 - Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың көпшілігі әйелдердің саясатқа араласуы қажет деген пікірде. Ерлер әлі күнге дейін саясат әйелдердің ісі емес, өйткені ол әйелдердің ана мен жар болуына кедергі болады және жалпы алғанда саяси қызмет әйелдер үшін тым күрделі іс деген таптаурын пікірді қолдайды. Ал әйелдердің өздері әйелдер ерлерге қарағанда айлалы әрі икемді болғандықтан саясатқа қажет деген таптаурын пікірді жақтайды.
 - Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың көпшілігі әйелдерді саясатқа белсенді түрде тарту үшін оларға саясат пен отбасын қатар алып жүру мүмкіншіліктеріне қатысты жеңілдіктер жасап, оларды саяси басшылыққа тәрбиелеу керек екендігін айтады. Респонденттердің айтарлықтай бір бөлігі әйелдердің саяси партиясын құру қажет екендігін білдірсе, мәслихаттар мен мәжілістен әйелдерге орын бөлу жөніндегі жауап нұсқасын информанттардың ең аз бөлігі таңдады.
 - Сауалнама нәтижелері бойынша қазақстандықтардың көпшілігі гендерлік бюджеттендірудің не екенінен бейхабар екендігі анықталды. Сауалнамаға қатысушылардың бар болғаны 10,1 % ғана гендерлік бағыттағы бюджетті біледі. Жауаптардың мұндай бөлісі зерттеуіміздің гендерлік бюджеттендіру мәселесі қазақстандықтар үшін өзекті емес деген болжамының растығын дәлелдеді. Гендерлік бюджеттендіру деген не, оның үрдістері қалай жүріледі, қандай пайда әкеледі және онымен кім айналысады дегеннен хабардар адам аз.
 - Жауаптарды саралау сауалнамаға қатысушылардың көпшілігінің (45,8 %) мамандықтарды гендерлік белгі бойынша бөліп қарастырмайтындығын көрсетті. Тек 39,6 % ғана еңбектің гендерлік тұрғыдан бөлінетіндігімен келісті. Ал 9 % қазақстандықтар «ерлерге тән» және «әйелдерге тән» мамандықтар болатындығынан мүлде бейхабар. Ерлердің



де, әйелдердің де басым бөлігі еңбек нарығының гендерлік сипатын жоққа шығарады.

- Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі кенші, қарауыл және құтқарушыны ерлерге тән мамандықтар деп біледі. Тек әйелге ғана тән мамандықтар ретінде хатшы, кітапханашы және бет сәндеуші атап көрсетілді. Әйелдерге мүлде лайық емес мамандықтар қатарында құтқарушы, кенші және жүргізуші аталды. Ал дәрігер, басшы және мұғалім гендерлік тұрғыдан бейтарап мамандық деп саналады.
- Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі Қазақстанда бір мамандық бойынша ерлер мен әйелдер бірдей жалақы алады деген пікірде. Бұл мәселе жөнінде білмейтіндердің және ойланбағандардың үлесі жоғары. Бұл жайт респонденттер Қазақстандағы кірістердің орташа деңгейіне сараптама жасамаған, еңбек нарығында гендерлік сипаттағы асимметрия бар екендігін, әйелдердің айналысуына тыйым салынған мамандықтар тізімі болатындығын, ерлер мен әйелдерді жұмысқа қабылдау мен олардың қызметін бағалауда ерекшеліктер бар екендігін түйсінбейді деп жорамалдауға итермелейді.
- Сауалнамаға қатысушылардың 49,4 % неке қиылғанға дейінгі жыныстық қатынастарға жол беруге болмайды деген пікірде. Жауап берген ерлердің де, әйелдердің де басым бөлігі некеге дейінгі жыныстық қарым-қатынасқа қарсы. Жыныстық қарым-қатынасқа деген екіжүзді көзқарас – бұл дәстүрлі моральға негізделген қоғамда шешілуі қиынға соғатын проблема. Сексуалдық тақырыптағы қоғамдық наразылықтарға тыйым салу, адамның сексуалдық болмысын түсіну мен суреттеуге қатысты дискурстың жоқтығы халықтың сексуалдық тұрғыдан денсаулығы саласында үлкен жағымсыздықтарға әкеліп соғары хақ.
- Некеге тұруға ең қолайлы жас ерлер үшін 26 - 30, ал әйелдер үшін 20 - 24 жас. Өйткені бұл жастағы ерлер мен әйелдер өздеріне

отбасылық міндеттердің жүктелуіне дайын болады. Қазақстандықтардың неке үшін лайық жасқа қатысты да таптаурын көзқарастары байқалады. Ол бойынша ер адам жасы жағынан үлкен және әлеуметтік тұрғыдан тұрақтанған, ал әйел ең бастысы жас болуы керек.

- Қазақстандықтардың «қалыңдық ұрлау» дәстүріне қатысты көзқарастарын саралау барысында респонденттердің көпшілігі (43,1 %) полиция көмегіне жүгінетінін білдік. Ондай жағдайға амалсыз бой ұсынатындардың үлесі де айтарлықтай жоғары (20,8 %). 5 % «Материалдық және моральдық нұқсан үшін күйеу жігіт тарапынан өтемақы төленуіне үміттенеді». Демек олар аталмыш жағдайды ықтимал әрі оған жол беруге болады деген ойда. Ондай жайтқа бой ұсынатындардың көпшілігі – ауылдық елді мекендердің тұрғындары.
- Жауап берушілердің басым бөлігі «қалыңдық ұрлау» қылмысына қатысты жаза бар екенінен бейхабар. Тек 8,5 % ҚР ҚК 125 бабы бар екенін білсе, информанттардың 3,9 % ондай жазаның жоқ екендігіне сенімді. Әйелдердің 48,2 %, ерлердің 48,1 % қалыңдық ұрлау үшін белгілі жаза бар екендігінен хабарсыз.
- Ата-анасы қарсы болған жағдайда қыздың тұрмыс құруына бола ма деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі «Білмеймін/ жағдайға байланысты» деген жауап нұсқасын көрсетті. 35,1 % «Жоқ, қажеті жоқ болу керек» деп санаса, бар болғаны 19,9 % қыздың ата-анасының еркіне қарсы шығуын қолдайды. Бұл факт ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастар иерархиясын, әйелдің екі жыныс жағынан да жасы үлкен жақындарына бағыныштылығын көрсетеді. Ерлерге қатысты тура осындай сұрақтың жауаптарын салыстырып қарағанда пікірлердің тең екіге бөлінгенін көреміз: 27,4 % ондай некені мүмкін емес деп тапса, 27,4 % сол сәттегі шарттарға байланысты мүмкін деген пікірді білдірді.



- Аналардың декреттік демалысқа кетуін респонденттердің көпшілігі (85,1 %) дұрыс деп санайды. Тек 7,6 % ғана оны міндетті емес деген пікірде. Әйелдің декреттік демалысқа шығуы міндетті емес деп санайтындардың арасында әйелдерге қарағанда ерлер көбірек. Яғни олар әйелдер жұмысы мен сәбидің күтімін қатар алып жүре алады деген ойда. Әйелдердің 86 % декреттік демалысқа шығу қажет деп біледі.
- Қаржылай жағдайы нашар тұрмыс құрмаған әйел жоспарсыз жүкті болып қалса, сәбиді дүниеге әкелуі керек пе, әлде жасанды түсік жасатқаны жөн бе деген сұраққа респонденттердің көпшілігі (85,1 %) әйел некелік жағдайына қарамастан баланы дүниеге әкелгені жөн деген пікірді білдірді. Тек 7,2 % ондай жағдайда түсік жасаудың жөн екендігін алға тартты. Пікірлердің мұндай бөлісі бізге әйелдің рөліне қатысты дәстүршіл көзқарасты көрсетеді. Ол көзқарас бойынша әйел ең алдымен басқа ештеңеге қарамастан ана болуға міндетті. Жоспарланбаған баланың дүниеге келуі жөн деп санайтын ерлердің үлесі әйелдерге қарағанда көбірек.
- Қаржылай жағдайы нашар тұрмыс құрған әйел жоспарсыз жүкті болып қалса, сәбиді дүниеге әкелуі керек пе, әлде жасанды түсік жасатқаны жөн бе деген сұраққа респонденттердің көпшілігі (67 %) сол сәттегі жағдайға қарамастан сәбиді дүниеге әкелгені жөн деген пікірді қолдады. Бұл жайт бізге қазақстандық қоғамдағы баланың орны ерекше құнды деп түйіндеуге ерік береді.
- Отбасында бала тәрбиесімен кім айналысуға тиіс деген сұраққа қатысты респонденттердің жауаптары жеткілікті деңгейде гендерлік бағытта болды. 90,5 % балаға ата-ананың екеуінің де тәрбиесі қажет деген пікірде. Сауалнамаға қатысқандардың тек 0,8 % ғана бала тәрбиесімен анасы айналысуға тиісті деп ойлайды. Бұл факт бізге бала тәрбиесіне ана мен әкенің екеуінің де қатысуына байланысты жоғары деңгейдегі эгалитарлық қағидаларды көрсетеді. Әйтсе де қазақстандық қоғамда қыздың тәрбиесімен анасы, ұлдың тәрбиесімен әкесі айналысуға тиіс деген дәстүрлі қағиданың да бар екендігін айта кетуіміз керек.
- Қазақстандық жанұяларда гендерлік рөлдердің дәстүрлі бөлісі бар. Сауалнамаға қатысқандардың 71,1 % үй шаруашылығының көп бөлігі ана мен әйелдің мойнында деген пікірде. Бар болғаны 3,2 % ғана үйдегі шаруа эгалитарлық қағидалар бойынша бөлінуге тиіс деп санайды. Әйелдердің тек 22,4 %, ерлердің 24,6 % үй шаруасы ерлі-зайыптылардың екеуінің де міндеті деп біледі. Көзқарастардың мұндай бөлінісі бізді тығырыққа тірейді. Себебі осының алдындағы сауал аясында респонденттер қазақстандық әйелдердің ең басты проблемасы кәсіби міндеттер мен үй шаруашылығын қоса атқару деп атап көрсеткен еді. Пікірлердің осындай қарама-қайшылығы зерттеу нәтижелерін сараптау барысында жиі көзге түседі.
- Қазақстандық БАҚ-тың ерлер мен әйелдердің бейнесін сомдауға тигізетін ықпалы туралы сұраққа респонденттердің көпшілігі ондай ықпалдың жоқ екендігін тілге тиек етті. Бұл мәселе жөнінде ойланбаған жандардың үлесі де жоғары. Жауаптардың бөлінісі бізге қазақстандықтардың ондай ықпалдың бар-жоқтығына қатысты білімдерінің жоқ екендігін, сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың гендерлік бейнелердің, стереотиптер мен стандарттардың қалыптасу үдерісіне БАҚ-тың сөзсіз ықпалы бар екендігі туралы ойланбайтындықтарын көрсетеді.
- Зерттеудің аясында сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың басым бөлігі мектепте де, колледжде де, жоғары оқу орнында да гендерлік бағыттағы пәндер мен курстарды оқымағандықтан гендерлік білімнен бейхабар. Тіпті бүгінгі таңда республиканың колледждері мен ЖОО білім алып жатқандардың өздерінің гендерлік мәселенама жөнінде хабары аз. Ондай пәндерді оқыдым деген респонденттердің көпшілігі социологияны ең гендерлік бағыттағы пән ретінде, ал



саясаттануды гендерлік сипаты ең аз пән ретінде атап көрсетті.

- Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың ойынша ерлер мен әйелдер бірдей деңгейде сырқаттанады. Бірақ олар «салауатты өмір салтын ұстану», «темекі мен ішімдіктен бас тарту», «тегін медициналық тексеруді енгізу» секілді таптаурын нұсқаларды атап көрсеткені болмаса, аталмыш проблеманы шешу үшін қандай да бір инновациялық тәсілдер ұсына алған жоқ. Назар аударуға тиіс бір жайт ерлердің басым бөлігінің әлі күнге дейін өз денсаулығын капитал ретінде танып-білмейтіндігі, ер адамдардың қаншалықты жиі және қандай себептерден болып ауыратындығына көп ой жүгіртпейтіндігі болып табылады.
- Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігінің ойынша көбінесе әйелдер мен олардың балалары зорлық-зомбылықтың құрбанына айналады. Ер адамдардың да зорлықтың құрбаны болатындығы туралы дерек бұрынғыдай жоққа шығарылады. Информанттардың бар болғаны 2,8 % ондай жағдайдың орын алатындығын мойындады. Зорлық-зомбылықтың ең көп тараған түрлерінің қатарында денелей (66,5 %), психологиялық (57,7 %), сексуалдық зорлық (45,9 %) атап көрсетілді. Тек 19,8 % респондент экономикалық зорлықты атады.
- Зерттеу барысында алынған жауаптарды саралау информанттардың 80,1 % педофилияны зорлықтың бір түрі ретінде танып-білетінін көрсетті. Респонденттердің 12,6 % ол туралы мүлде ойланбаған. 4,4 % педофилдікті ауру деп танып, оны зорлықтың түріне жатқызуға күмәнданса, 2,7 % зорлықтың түрі емес екендігіне сенімді. Зерттеу деректері 35,2 % респонденттердің елдегі педофилия құбылысының өсіп кетуін психикасы бұзылған, моральдық қасиеттері төмен адамдар санының көбеюімен байланыстыратынын көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың қалған 43,8 % педофилия құбылысының кеңінен таралуына сонымен

қатар балаларды қорғау мәселесі бойынша заңнамалардың тиімсіздігі мен ата-ананың бала тәрбиесіне қатысты жауапкершілігінің төмендігі әсер етеді деп санайды. Респонденттердің 9,7 % педофилия құбылысының БАҚ-та тым көп айтылып, жарнамалауынан деп білсе, 8,8 % оны батыс мәдениетінің әсерінен көреді.

- Қазақстан ТМД елдерінің ішінде 15 - 19 жастағы қыздар арасындағы жасөспірімдердің өзіне-өзі қол жұмсауы бойынша неге жоғары орында және оның себебін зорлық-зомбылықтың кең таралуынан көруге бола ма деген сұраққа жауап беру барысында респонденттердің 35 % бұл пікірмен келісетіндігін білдірсе, 34 % бұл сұрақтың жауабын білмейтінін айтты. Респонденттердің 39 % зорлық-зомбылықпен мемлекет, 28 % полиция, 22 % азаматтық қоғам күресуге тиіс десе, 11 % бұл проблеманы адамның өзі шешуі керек деп санайды. Ерлер де (79 %), әйелдер де (76,6 %), сонымен қатар барлық этникалық топтар да зорлық-зомбылықпен мемлекет күресуге тиіс деп біледі. Барлық жас топтары зорлық-зомбылықпен күресте мемлекет пен полицияға үміт артады. Қалалықтар да, ауылдықтар да (78,1 %, 75,3 %) зомбылықпен күрес үшін мемлекет жауапты деп санайды.
- Респонденттердің 36 % зорлық-зомбылық құрбандарын қорғаудағы полиция жұмысының нәтижелігіне сенімді емес болса, 26 % бұл мәселе туралы ойланбаған, 22 % полиция ондай жұмысты нәтижелі атқармайды деп біледі. Респонденттердің тек 16 % ғана полицияның тиімді жұмысына сенеді.
- «Сіздің ойыңызша Қазақстанда ерлер мен әйелдер көбірек тең құқылы болуы үшін қандай шаралар қолданылуы керек?» деген сұраққа өкінішке қарай сауалнамаға қатысушылардың 76,1 % Қазақстандағы ерлер мен әйелдердің жағдайын жақсарту үшін өзіндік ұсыныстар жасай алмады. Бұл факт бізге гендерлік саясат туралы көзқарастарды



ұғыну мен оларды білдіруге қатысты сұрақтардың респонденттер үшін оңайға соқпағанын көрсетеді.

- «Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясын» жүзеге асыру мәселесіне келсек, аталмыш бағдарламалық құжат – теңсіздік пен бақылаудың қарым-қатынасын тудыра отырып, «біз» және «олар» арасындағы шекараны айқын бөлетін ресми дискурстың құралы. Ерлер де, әйелдер де ресми стратегиялар мен бағдарламалар, сарапшылар пікірі тарапынан ерекше қысымға ұшырайды, олардың алдына әртүрлі «мемлекеттік міндеттер» қойылады. Бұл жайт, әсіресе, азаматша ретінде, әйел ретінде, жар ретінде және ана ретінде «жан-жақты жүктемеге» ұшырайтын әйелдерге қатысты байқалады. Ресми дискурс ресми құжаттарда белгілі бір «нормативтік» әйелдер мен ерлердің, «нормативтік» отбасыларының бар екенін сездіріп, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық шарттарға бейімделудің өзіндік стратегиялары мен жолдары бар түрлі әлеуметтік-демографиялық топтардың, гендерлердің, жастардың, этникалық топтардың ерекшеліктеріне, өзіндік қыр-сырларына қатысты сұрақтарды талқыламайды. Ресми дискурс үшін басты тақырып әлеуметтік-демографиялық топ қандай да бір статусқа, әлеуметтік жеңілдікке, әлеуметтік жәрдемақыға үміт арта алатын шарттар болып табылады. Алайда ерлер мен әйелдердің айырмашылықтарына көп назар аударылмайды. Отбасының жоғарғы әлеуметтік құндылықтардың бірі ретіндегі абсолюттік болмысы мен осы әлеуметтік институтты ресми деңгейде де, күнделікті деңгейде де дәріптеушілік сақталуда. Отбасы моральдық абсолют мәртебесіне ие болады: отбасынан шыққан дүниенің бәрі де позитивті сипатта болып саналады. Бұл тұрғыдан алғанда әлеуметтік институт ретіндегі отбасындағы дағдарыс (туу көрсеткішінің төмендеуі мен ресми некелер санының азаюы, ажырасудың көбеюі, толық емес отбасылары мен некесіз бірге тұру

формаларының өсуі) қоғам дағдарысы болып саналады. Сол себептен отбасылық құндылықтарға, отбасылық салтқа, отбасылық тәрбиеге, отбасылық өндіріске қайтып келу өтпелі қоғамның проблемасын шешудің негізгі жолы ретінде қарастырылады. Ресми дискурс отбасын репродуктивтік функцияға, балаларды дүниеге әкеліп, әлеуметтендіру міндетіне алып келеді. Ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы олардың ата-аналық функциясынан туындайтын қарым-қатынас ретінде қарастырылады, демографтар баласыз отбасын тіпті отбасы деп танымайды да. Кеңінен таралған ұғым бойынша аз балалы (әсіресе, бір балалы) отбасы негативті құбылыс ретінде бағаланады. Ресми дискурс отбасының тек бір түрін ғана әлеуметтік идеал ретінде атап көрсетеді, ол ата-ананың екеуі де және кем дегенде екі-үш баласы бар отбасы. Ол отбасының некенің альтернативті түрлерін мүлде жоққа шығарады. Ресми дискурстың бөлінбейтін тұтастық ретінде отбасының ұжымдық мүдделерімен анықталатын отбасылық саясатқа қатысты көзқарасы үлгілі болып табылады. Соған сай сексуалдық және репродуктивтік құқықтар мәселесіне деген көзқарас немқұрайлылық пен дұшпандық сипат арасында. Отбасы түрлері мен үлгілерінің әртүрлілігі және отбасы ішінде қарама-қайшы мүдделердің болуы жоққа шығарылады. Әрине, бұл дискурсқа пікірлер мен пайымдамалардың тұтас бірлігі тән емес. Олардың төтенше формалары бар, мысалы, көп әйел алушылыққа рұқсат беру, жасанды түсікке тыйым салу, бала тууды күшпен реттеу. Біртоға өкілдер отбасын тұлғаның әлеуметтенуін қамтамасыз ететін маңызды институт ретінде қарастырады. Отбасына гендерлік рөлдердің дәстүрлі бөлісін сақтау ұсынылады. Акторлардың репродуктивтік және отбасылық-некелік іс-әрекеттер барысындағы күнделікті стратегиялары мен тактикаларына келсек, мынадай тұжырым жасауға болады: «сенің жағдайың» белгіленген ресми шеңберден тысқары болуы мүмкін болғандықтан акторлар басынан бастап ресми органдарға (АХАТ, әлеуметтік қызметтер, поликлиникалар, репродуктивтік



орталықтар) қарсы тұруға дайын болады. Орын алған жағдайдан шығу стратегиясының бірі қандай да бір отбасылық, репродуктивтік, демографиялық проблемаларға қатысты бастары қосылған акторлардың өзіндік рейтингісімен, абырой-беделімен, проблемаларды шешу жолдарымен бөлісетін әлеуметтік желісін – көршілер, туысқандар, достар секілді – сомдау болып табылады. Соның негізінде ресми құрылымдар мен күнделікті нақтылықтың арасында асимметриялық қатынастар қалыптасады. Мұндай жағдайда азаматтар ресми құрылымдар бекіткен ережелер мен тәртіптерді өзінің немесе балаларының өмірі үшін ықтимал жағымсыз салдардың алдын алу үшін зор назар аудара отырып сақтайды.

Ұсыныстар:

- Гендерлік теңсіздік проблемасының бар екендігіне қатысты Қазақстандық қоғамның терең ойланымы аса қажет. Гендерлік мәселенаманы айқын тұжырымдау үшін Қазақстанда жүргізіліп отырған гендерлік саясатқа сыни баға беретін сарапшылар мен академиялық қауымдастықты, БАҚ, үкіметтік емес ұйымдарды, білім беру жүйесін іске тарту керек.
- Халыққа гендерлік саясат жөніндегі мәліметті тарату үшін телевизияны бұрынғыдай ең басты, танымал және қол жетімді ақпарат көзі ретінде қолдану қажет. Алайда бұл тұста алуан түрлі топтар әртүрлі ақпарат көздеріне жүгінетінін естен шығармау керек. Мәселен, 18 - 30 жас аралығындағылар ғаламторды қолданса, басқа жас тобындағылар көбінесе телевизияға көңіл бөледі. Сонымен қатар гендерлік білімді өзекті ету үшін білім беру жүйесін белсендірек қолданған жөн.
- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия Қазақстанда гендерлік саясатты жүзеге асырудың мақсат-міндеттері, әдістері мен жолдары жөнінде ақпарат таратуда халықтың барлық топтарымен түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуі қажет. Ол үшін өзіндік сайт ашып, ақпараттық материалдар (буклеттер, брошюралар, үнпарақтар) дайындап шығарып, бұқаралық ақпараттық-түсіндіру шараларын ұйымдастыру керек.
- БАҚ, академиялық қауымдастық, ҰЕҰ қазақстандықтардың өмір сүру стильдері мен салттарының әртүрлілігін, сонымен қатар олардың заманауи нақтылыққа бейімделу жолдарының ерекшеліктерін көрсету үшін «басқа» әйелдер мен ерлердің (мигранттар, ауылда тұратын ерлер мен әйелдер, көп балалы ата-аналар, секс-индустрия қызметкерлері және т.б.) тәжірибесін таныстыруы қажет.



- Қазақстанның шығыс және оңтүстік аймақтарына ерекше назар аудара отырып, жергілікті БАҚ-та гендерлік мәселенаманы өзекті ету қажет. Қазақстандық әйелдердің саяси тәжірибесі мен саяси белсенділігін, саяси жетістіктерін көптеп көрсету керек.
- Гендерлік бюджеттендіру негіздері бойынша мемлекеттік қызметкерлерге, Қазақстан колледждері мен ЖОО студенттеріне арнайы семинарлар жүргізу. Қазақстандық БАҚ үшін гендерлік бюджеттендірудің пайдасы туралы ақпарат қамтылған әлеуметтік жарнама дайындау.
- Мектептерде, колледждер мен ЖОО гендерлік бағыттағы оқу курстары арқылы қазақстандықтарға еңбек нарығының да гендерлік сипатқа ие екендігін, сонымен қатар жұмысқа қабылдау, мәнсап жолында өсу, жалақының мөлшерін бекіту, сұхбаттасу, лауазымға тағайындау немесе одан босату жосықтары да гендерлік сипатпен шартталғандығын жеткізу.
- Бүгінгі таңда қазақстандықтар үшін мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі аралықта жыныстық қатынастар жөніндегі ағартушылық аса қажет.
- Қазақстандық БАҚ-та ерлер мен әйелдердің бейстереотиптік мәнсаптары, өмірлік стратегиялары, өмір сүру салттары мен стильдері туралы ақпараттар мен ток-шоулар көрсету.
- Мектептер, колледждер мен ЖОО оқу бағдарламасына «Гендерлік білімдер негіздері» міндетті курсы енгізу. Мемлекеттік білім беру стандартының аясында әрбір әлеуметтік-гуманитарлық пәннің мазмұнында «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат» тақырыбын қарастыру.
- Әсіресе 30 - 60 жас аралығындағы ерлердің денсаулығын сақтау мен нығайту мәселесін өзекті ету.
- «Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясының» негізгі ережелерін қайта қарастыру. Жыл сайын гендерлік мәселенәмаға деген сезімталдықты бағалауды қамтыған қоғамдық пікір мониторингісін жүргізу. Гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясының қағидаларын орындаудың қысқа мерзімдік жоспарын (жыл сайынғы) енгізу. Олардың орындалу барысы бойынша ағымдағы жылдағы әйелдер мен ерлердің жағдайлары туралы есеп беру, баяндама жасау; гендерлік теңдікке қол жеткізу стратегиясының мақсат-міндеттерін орындауға жауапты құрылымдар мен оларды орындаудың айқын өлшемдерін анықтау; аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, жыл сайын Қазақстандағы ерлер мен әйелдердің жағдайларына қатысты мониторинг жүргізу және зерттеу нәтижелерін БАҚ пен ғаламторда таныстыру.



Қорытынды

Мемлекеттің гендерлік саясаты барлық салаларда гендерлік теңдікті ең жоғары деңгейде қамтамасыз ететін жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін нормалар мен стандарттар, даму бағыттары мен шеңберлері, шектеулер мен еркіндіктерді белгілеуге тиіс. Оған аталмыш қоғамда өндірістің белгілі бір жолы арқылы қабылданған стереотиптер мен нақты тарихи қатынастар, көзқарастар, ережелер жүйесі кедергі болады. Нақты гендерлік теңдік кейбір заңдық, әлеуметтік немесе психологиялық теңсіздікпен байланысты болуы мүмкін. Гендерлік теңдік сөзсіз гендерлік иерархияға әкеледі. Бұл жайт кейбір мамандықтар мен кәсіптердің қоғамдық маңыздылығын, төленетін ақы мөлшерін, мәртебелілік деңгейін өзгертуге тиіс. Мемлекет әзірше бөтен баланың балабақша мен мектепте тәрбиеленуі мен оқуын ақылы және қоғамдық тұрғыдан пайдалы жұмыс ретінде, ал өз балаңның үйдегі тәрбиесін отбасылық бюджеттен қаржыландырылатын жеке бастың шаруасы ретінде бағалап отыр. Гендерлік саясат ақырында қоғамдағы гендерлік қатынастардың теңгеріміне әкелуге тиіс. Бұл жағдайда мемлекеттің әйелдерге қатысты саясаты гендерлік саясаттың құрамдас бөлігі бола алады.

Гендерлік саясат мәселелерінің ауқымына гендерлік саясаттың негізгі субъектілері мен олардың көзқарастары, саяси өкілдік пен азаматтық қоғам аясы арқылы жүзеге асатын әйелдер мен ерлердің саяси іс-әрекеттері жатады.

Жүргізілген сараптама нәтижелерінің бірі – сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі гендерлік саясатты нысаны көбінесе әйелдер болып табылатын мемлекеттік іс-әрекетпен байланыстырады. Әдетте әйелдер тәжірибесі мен соған сай келетін мысалдар алынатындықтан ақырында тек қана әйелдерге қатысты кемсітушіліктер анықталады.

Мұны «әйелдік» және «гендерлік» саясат категорияларын әртүрлі ұғынуды анықтаумен түсіндіруге болады. Біздің ойымызша, стратегия халықтың ерекше әлеуметтік-демографиялық тобы ретіндегі әйелдердің мүдделерін ескере отырып, ең алдымен мемлекеттің дәстүрлі гендерлік саясатын ауыстыруға емес, оны толықтыруға міндетті. Мұндай екі тәсіл қоғамда жыныстардың теңдігіне қатысты жағымды бұқаралық пікір қалыптаса бастағанға дейін қатар жүруі мүмкін.

Сөйтіп мемлекеттік гендерлік саясат дегеніміз ерлер мен әйелдердің тең құқықтығын құру, дамыту, қолдау және қорғауға бағытталған шаралардың дәйекті жүйесі. Бұл жүйе нақты нәтижелерде көрініс табуға тиісті. Қазіргі қазақстандық қоғамда тиімді гендерлік саясатты жүзеге асыру үшін халыққа гендерлік құқықтар мен еріктерді оқытып, гендерлік білім мен гендерлік ақпаратпен жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету қажет.



Авторлар туралы мәлімет

Өскембаева Маргарита Әбдікәрімқызы «Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты» қоғамдық қорының (Алматы) төрайымы, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның сарапшылар кеңесінің мүшесі (2011-2016). Ғылыми зерттеу тақырыптары: гендерлік психология, гендерлік саясат, Орталық Азия сауда саясатының гендерлік мейнстримінгі, гендерлік білім, Қазақстанның ДСҰ-на қосылуының гендерлік қырлары және ауыл шаруашылығы; БҰҰ ҚК 1325 резолюциясының Қазақстанда сақталуының аясындағы әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелері, гендерлік бағыттағы бюджеттендіру.

Резвушкина Татьяна Александровна «Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты» қоғамдық қорының (Алматы) сарапшысы, әлеуметтану магистрі, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ оқытушысы. Ғылыми зерттеу тақырыптары: посткеңестік мемлекеттердегі гендерлік саясат, гендерлік барабарлық; қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік және отбасылық-демографиялық саясат, әйелдердің репродуктивтік құқықтары; заманауи қоғамдағы маскулиндік трансформациясы.

Бейсенова Айгүл Аманжановна «Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты» қоғамдық қорының (Алматы) сарапшысы, әлеуметтану магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ оқытушысы. Ғылыми зерттеу тақырыптары: еңбек қатынастарының гендерлік қыры, Қазақстандағы репродуктивтік мінез-құлық пен неке стратегиялары, өнеркәсіп мекемелеріндегі әлеуметтік серіктестік.

Зерттеуді орыс тілінен аударған: ф.ғ.к. Шырынгүл Зухай